



Ақша қарда



Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің **ФЕВРАЛЬ**
пионерлер мен мектеп оқушыларына
арналған әдеби-көркем және
публицистикалық журналы. **1953 жыл**

Айына бір рет шығады,

Шығуына 15 жыл.

Бейбітшілік пен достық армиясы

1917 жылы, Смольныйда, революцияға басшылық етіп отырған В. И. Ленин кабинетінің алдында, жеңіне қызыл байлаған адамдар жүрді. Бұлар — совет өкіметін құруға, революцияға қатысуға келіп жатқан жұмысшылар, партия мүшелері, Жас, жаңа ұйымдаса бастаған армияның командирлері мен комиссарлары, жауынгерлері осылар болатын. Жас Совет Республикасының қарулы күші тұңғыш рет, міне, осылай ұйымдастырыла бастаған.

Совет өкіметі орнымен-ақ біздің жерге жаулар тұс-тұстан мойнын соза бастады. Жас республиканы тұншықтырып құртуға капиталистік он төрт мемлекет жабылды.

Ағылшын-американ интервенттері Мурманскке десант түсіріп, Архангельскіні басып алды да, Волгаға беттеді. Американдар мен жапондар опасыздықпен Владивостокті өзіне бағындырды. Патша адмиралы Қолчак, ақ офицерлерден, кулактар мен революцияға қарсы түрлі азғындардан Сибирьде үлкен армия жыйнастырып, Москваға қарай аттанды. Батыста, пағыз Петроградтың түбінде, өн бойына ағылшын қаруын толтыра асынған генерал Юденичтің армиясы тұрды. Теңіз үстімен Одессаға бұқбантайлап кірген француздардан қаруға кенелген ақ генерал Деникиннің бандалары оңтүстіктен Москваға қарай ұмтылды. Сөйтіп советтік Отан жаулардың айнала қоршауына алынды.

Біздің армиямыз ол кезде жақсы үйретіле қоймаған және қаруы жеткіліксіз армия еді. Басқарушыларының өзі тәжірибесіз, кешегі жұмысшылар мен шаруалар ғана болатын. Ел соғыстан, басқыншылардың шабуылдарынан әбден күйзеліп, халық ашаршылыққа ұшыраған. Заводтардың көбі тоқтап, оған көмір тасыйтын да түк қалмаған. Поездар бір күн жүріп, бір күн тоқтайтын. Ал, басқыншылар армиялары жақсы қаруланған, танктері мен самолеттері зеңбіректері мен снарядтары керегіне жеткілік-

ті де. Бұларды тәжірибелі генералдар мен офицерлер басқарды. Сонда да ісінің әділдігіне сенімі күшті Қызыл Армия жұмысшы-шаруа мемлекетінің мүддесін қорғау үшін, бүкіл халықтың қолдауымен, нелер қаһарман шайқастарды батыл жүргізді.

Сол қыян-кескі, сұрапыл ұрыстарда жас Қызыл Армия барған сайын шыдалып күшейе берді. Тұс-тұстан торуылдап өндірісегін ала-сұра созған жауларды ол тұмсыққа соғып, бірінен кейін бірін жапыра бастады. Ақыры Қызыл Армияның соққысына шыдамай, жау іргесі сәгіліп, қоршау ыдырай берді. Осы айкастардың ең бір үлкені 1918 жылы 23 февральда болды. Қызыл Армия бұл күні герман басқыншыларының әскерін Псков, Нарва түбінде талқандады. Осы күн Қызыл Армияның туған күні болып тарихта қалды.

Қаншама капиталистік елдер, біздің елімізге жаулықпен арам қолын созғанымен, масқара болып күйрей берді. Сөйтіп совет елінің қарулы күші жеңістен жеңіске жетумен болды. Революцияның алғашқы жылдарында, азамат соғысы кезінде қайтсе де Советтік Россияны жырымдауға, оның шектес аудандарын отарлауға тырысқан ағылшындар да, американдар да, жапондар да, немістер де, француздар да революция армиясының ерлігіне төзе алмай, келген жақтарына бет-бетімен қайта қашуға мәжбүр болды.

Совет Армиясының Орталық Музейінде бір каска (болат бас киім) сақталады. Ол — ағылшын генералы Молиссонның каскасы. Бұл әпербақан генерал Красноводск түбіндегі Душак станциясына әскерімен басып кіреді. Ол мұны, ағылшын әскерінің Россияның шығысында бастайтын, үлкен жорығының басы деп ұққан. Бірақ қызыл әскерлер дағат берместен, бұл есуастарды станциядан қуып шықты. Сонда алдымен қанқан әлгі генерал Молиссонның өзі болып, зәресі кеткендіктен бас киімін де



И. В. Сталин жолдастың 1919 жылы Бірінші Атты Әскерлер Армиясына келуі. Суретті салған М. Н. Авиллов.

қалдырып кетіпті. Міне, ағылшындардың 1918 жылғы тарих бетіне қосқаны осы ғана болыпты.

Балалар! Революция жылдарында, азамат соғысы кездерінде даңқы көпке жайылған батырлардың есімін сендер талай есіткенсіңдер. Чапаев, Щорс, Пархоменко, Котовский, Фрунзе, Ворошилов, Буденный... Міне, ардақты аталарымыз Владимир Ильич Ленин мен Иосиф Виссарионович Сталин ұйымдастырып, берік шыңдаған Қызыл Армияның атакты батырларының есімі — осылар. Совет өкіметін орнатуға және оны қорғауға ерлік қызмет еткен қазақтың батыр ұлы Аманкелді Имановтың есімін де сендер есіткенсіңдер.

Василий Иванович Чапаевтың есімі жаудың зәресін алатын. Сталин жолдастың Волгадағы, Оралдағы, Орынбордағы, Дондағы революция жауларының күшін тұтастырмай талқандау туралы бұйрығын орындауға аттанған Чапаев шабуыл алдындағы барлауға өзі шықты. Отыз, қырық шақты қызыл әскерді ертіп алып іңір қараңғысын жамыла бұлар керекті деревняға жақындай бергенде, қарсы алдындағы қыркадан қараң етіп бір топ атты әскер шыға келеді. Қарсы шыққандар чапаевшылардан әлде қайда көп екен. Василий Иванович ойлан-

бастан, қарсы шыққандарға күйғытып келіп: — Мен — Чапаевпын! Тастандар қаруларыңды! Түстіңдер қақпанға! — деп ақырады.

Чапаевшылар да командиріне көмекке жетіп үлгіреді... Екі офицер бастаған жау әскерінің үлкен тобын Чапаев осылай қолға түсіреді. Жаудың бар сырын біліп алған Василий Иванович іле әскерін шабуылға бастап, жаудың негізгі күшін талқандайды.

Ішкі, сыртқы жауды жеңіп халқымыз бейбіт еңбекке көшкенде біздің қарулы күшіміз Отан шекарасын күзетті — қырағы сақшы болды.

... 1941 жылы 22 июнь күні ертемен фашистер зенбірегі Брест қамалына снарядтар боратты. Іле бірнеше дивизия Буг өзенінен лап қойды. Фашистер, бұл қамалды жолшыбай жанша салып, кідірмей-ақ совет елінің жуан ортасына тез кіреміз деп ойлады. Жок, олай бола қоймады! Брест қамалындағы гарнизон — советтің қаһарман адамдары — өлімге бас байлап жауға қарсы тұруға ант етті. Немістердің ауыр бомбалаушылары толассыз аспаннан бомбалап жатса, артиллериясы жерден снарядты қардай боратты, танктері де лек-легімен қамалға тоғытылды. Бірақ, қамал бас имеді. Майдан әлде қайда шығысқа сырылып кетті, оқ дәрілер сар-

қыла басталды, азық түгесілді, ақырғы құтыдағы су да ішіліп бітті... Сонда да, немістердің ту сыртында, совет өкіметінің кішкентай аралы — біздің армияның бір бөлек солдаттары — тіршілікті тоқтатпай, жауға қарсы тұрып қалды. Бұл оқ—жалын ішінде сілкілесу жыйырма екі күнге созылды. Қамалды ең ақырғы қорғаушы 1941 жылы, июльдің 14 де құрбан болды. Қала бас имеді — есіз қалды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы дүбірінде бұл ерлік өнеге бірден бірге, жауынгерден жауынгерге, қаладан қалаға суыт тарады. Соғыстың бар хабары Москваға, Кремльге, Сталин жолдастың кабинетіне жетіп жатты. Жоғарғы Бас Қолбасшының өзі майдандармен, армиялармен дамылсыз сөйлесіп отырды.

Балтық теңізі мен Қаратеңіздің арасына құлап кеткен зор майданның қай жеріндегі совет солдаты болмасын, өзіне Бас Қолбасшының майырылмас қайратын сүйеніш етті. Сол сын сағаттарда совет солдаты өзі туралы Сталиннің ойлап отырғанын, оны жеңіске де жеткізетін сол дана екенін жақсы білді.

Отан намысын ардақтап ұшпаққа көтерген жыйырма сегіз панфиловшы батырлар Сталин есімін бетке ұстады. Сталин есімі ерлепкен олардың алып жүректері мәңгі құрметке бөленді. Өшпес үлгі қалдырды.

Генерал Родимцевтің гвардияшылары Сталин есімін жүрегінде сақтап, Сталинград іргесінде фашистерге қарсы тұрды. Арын жанынан артық қадірлеген родимцевшілер селт еткен жоқ — ажалға тайсалмай қарады. Бір алым шегінбеді. Сталинград фашист армиясының батар күнінің бастамасы болды.

Майданның ең жауапты, ауыр жерлерін Сталин жолдас өз көзімен көріп, өзі басқарды. 1943 жылы фашистер майданды Орел мен Курск қалалары арасынан бұзып өтпек болды. Олар негізгі күшін осыған топтады. 4 август күні Сталин жолдас Калинин майданына келді. Ол кісі Калинин облысы, Ржев ауданы Хорошево селосындағы бір үйге түсті. Осы жерде майданға басшылық етті. Бұл жерде біздің әскерлер шабуылға шығып, гитлер әскерін қуып тастап Орел, Белград қалаларын алды. Осыдан кейін Иосиф Виссарионович телефонмен Молотовқа мынаны айтты.



28-панфиловшы гвардияшылардың Ұлы Отан соғысында неміс басқыншыларына қарсы қаһармандық ұрысы

— Мен, — деді Сталин жолдас, — Белградтың алынуын салют берумен есте қалдыруға ұйғардым. Салют Москвада берілсін.

Осы күннен бастап жеңіс нышаны — салют беріле бастады.

Балалар, сендерге Ұлы Отан соғысының көп батырларының есімі таныс. Олег Кошевойдың, Александр Матросовтың, Зоя Космодемьянскаяның, Маншүк Маметованың, Төлеген Тоқтаровтың батырлықтары тарих бетіне алтын әріптермен жазылды. Олар — сендерге өнеге. Сендердің бүгінгі армансыз тұрмыстарың солардың асқан ерлігі арқасында аман қалған.

Батыр Совет Армиясы ұлы социалистік Отанды қорғап қалумен қоса Шығыс Европадағы көп елдерді фашистік бұғаудан азат етті. Совет Армиясы бостандық әперген бұл елдер енді социалистік жолға түсті. Шығыста ұлы қытай халқы опасыз Чан-Кай-ши үкіметін қуып демократиялық үкімет құрды. Ол ұлы халық өзінің совет халқымен мүдделес екенін анықтады. Екі ұлы халық енді шын ықыласпен достық құрды.

Капиталистік елдің ешқайсысында біздің армиямыздай армия болмайды. Өйткені, олардың әскерінде ізгі ниет, адал мақсат жоқ. Оның солдаттарының қорғайтын Отаны да жоқ.

Біз — қашаннан тыныштықты сүйетін елміз. Біз еш елге қол созбаймыз. Сол себепті совет елін, Совет Армиясын бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері жақсы көреді, құрметтейді.

Біздің армиямыз бейбіт өмір күзетінде соғыс өнеріне жетіле, жеңімпаздығын дамыта береді. Сонымен қатар, біздің шекарамызға тағы да қол созушы капиталистер болса, Совет Армиясы ондайлардың сазайын тарттыра беруге әзір.

Алыстағы ауылда



Повесть

I-тарау

1942 жылдың жазы.

Болат жетінші кластың ең соңғы емтиханын тапсырған күннің ертесіне олардікіне ауданнан бір жүк машинасы келді. Оның ағасы сонда мұғалім, жеңгесі дәрігер болып істеуші еді. Бұл машина солар тұрған колхоздан екен. Сымбатты сұңғақ бойлы жас жігіт өзін Рабиға шешейге колхоз председателімін деп таныстырды. Қысыңқы отты көздері, үнемі түйіліп тұрған секілденетін арасы жақын қою қара қастары, дөңес әдемі қыр мұрны оны кавказдықтарға ұқсатады. Жүріс-тұрысы жеңіл, әрі әсерлі, өз бойын жарау аттай шыйрақ меңгереді. Үстіндегі әскер киімдерінен оқ дәрінің иісі аңқығандай болып, майданнан жақында ғана қайтқан солдат екені сезіліп тұр.

Қонақтардың кім екенін білген соң Рабиға шешей:

— Төрлетіндер, қарақтарым, үйге кіріндер. Әде беседканың іші қолайлылау болар ма екен, онда салқын шығар,— деп, жарқын қарсы алып, адал, мол құрмет көрсетіп жүр. Сонымен қоса ауылдағы келін баласының аман-есендігін де қабаттастыра сұрап жатыр.

— Тегіс аман олар. Кішкентайларының да дені сау, өсіп келеді, күлуге жарап қалды. Кеше балаңызға армияға шақыру қағаз келген көрінді. Бүгіндер оларды комиссия қарап жатуы ықтимал,— дейді председатель.

Рабиға сәл елендеп тындады, баласының армияға алынуы оған қазіргі уақытта оғаш хабар боп естілген жоқ...

— Быйыл жетінші класты бітірген батыр сенбісің? — деп, председатель Болатты арқаға қақты да, — сіздің балаңыз ғой? — деп Рабиғаға қарады.

— Я, ортаншым осы. Бұдан кішім — қыз, быйыл екінші класты бітірді.

— Мына балаңыз не тындырады жаздай мұнда жүріп. Қелініңізге барып, жәрдемін тигізсін. Қатифа өзі де келсін деп хат жазып беріп еді.

Председатель төс қалтасынан кереге көз дәптердің жарты парағына жазылған бүктеулі хат алды да, Болатқа ұсынды. Болат хатты дереу дауыстан оқып шықты. Жеңгесі бұған бүгін болмаса ертең ағаңның майданға аттануы анық, тым болмаса жазғы демалысында осында келіп өткіз, осы машинадан қалмай кел деп жазылты.

* Кысқартылған варианты.

— Барсын,— деді Рабиға. Ал, қарақтарым, тұрмаңдар, үйге кіріп демалыңдар. Ұзақ жол шаршатқан болар.

— Рахмет, шеше. Уақытымыз тығыз, біраз шаруа бітіріп, қонаға қайтпақпыз. Келін балаңыздың беріп жіберген азын-аулақ сәлемдемесі бар еді. — Председатель Болатқа: — машинаның кузовындағы жәшікті түсіріп алшы,— деді.

— Қап, мұнша асығып... енді күр ауыз...

— Сөйтіп, жігітім, жүресің бе бізбен бірге? — деді председатель Болатқа Қатифаның сәлемдемесін беріп жатып...

— Жүремін.

— Қамданып дайын тұр. Күн бата шығамыз қаладан. Алаулаған ыстықта күндіз жол жүргеннен де, түнгі салқындағы жүріс тиімді. Ұйқыңды қандырып алғаның да мақұл. Жолымыз ұзақ, әлі машинаның үстінде қалғуға тура келеді.

* * *

Болат машинаның келуін шыдамсыздана тосумен болды. Жолға шығуға асығады. Бұрын көрмеген соны жерлерге жолаушылағанның өзі бір ғанибет қой, жүрегі алып-ұшып, тез жүріп кеткісі келеді. Оның бұл көңіл күйін қоштап, шешесі жол азығын, киім-кешегін қамдап, машина келісімен тоқтаусыз жөнелуіне бәйек болды.

Сарғая күткен машина да келді-ау ақырында. Үстіне жүк тиелінті. Жүктің үстінде шамасы Болаттан бір-екі жас кіші, басына пилотка, үстіне өзіне шақ емес әскери гимнастерка киіп, жеңін қайырып алған өткір көк көзді бір бала отыр. Кабинадан председатель шығып Болатқа:

— Балақай, әзірмісің? — деді.

— Дайынмын, ағай. Бірақ мамам сіздерге тамақ әзірлеп, күтіп отыр.

— Сережа, жүр, тамақ ауыз тиіп шығайық.

— Сіздер барыңыздар, Жұлдыз Жүнісович. Менің тіпті ішерге жерім жоқ.

Жұлдыз бен шофер тамаққа отырғанда, Болат жол киімін киініп, чемоданын машинаға апарып салып келді.

— Отырып тамағыңды іш енді. Жолда қарның ашады, ұзақ жүресіңдер,— деп әлсін-әлсін айтып жатып, шешесі Болатты азар дегенде тамаққа отырғызды. Ол тіпті төкпейдісіп:

— Не хочу, мама, — деп жарытып тамақ ішпеді. Оның есілдерті — тезірек жолға шығу. Қонақтардың ұзақ отырып алмай, — тамақты тез ішіп тұруы мұны сүйсіндірді.

Қонақтар үй иесімен қош айтысып, машинаға келді. Камкоршы ана машинаның үстіне шыққан ұлына ақыл айтып тұр:

— Анау ортасына таман отыр. Қалғып кетсең, құлап қалуың мүмкін. Машина үсті суық болады, пальтонды киіп ал. Шаншу қадалып қалмасын. Ыстық-тамайсын, омырауынды түймеле. Қайтарыңда әлігі насыбай шелекті ұмытпа. Намыстанып тастап кетіп жүрме, чемоданыңның бір бұрышына газетке орап салып қой.

Болат бетін арт жаққа қаратып, кабинаға сүйеніп, әлгі өткір көзді баламен қатарласа отырды.

— Қош, шеше, — деді Жұлдыз кабинадан басын шығарып. Мотордың қыймылымен діріл қағып тұрған машина, бір-екі рет ышқына-ышқына гүрілдеп алып, жылжый жөнелді.

Бұл кез күн батып бара жатқан. Күндізгі алаулаған ыстық қайтып, нағыз май тоңғысыз қоныр жайлы кеш түсіп келеді. Алматы жазының ең көнілді, маужыраған шағы бұл. Көше бойы ағыл-тегіл жүріп жатқан халық. Әрбір шоғыр топ адамның ішінен бірнеше әскери тұлға көрінеді. Үйлердің жарларында, мандайшаларда «Неміс басқыншыларға өлім келсін», «Бәрі майдан үшін, бәрі жауды жеңу үшін!», «Тіліңе сақ бол!» деген секілді аралуан ұран-плакаттар.

Лезде мұның бәрі артта қалды. Машина бірнеше бұрылыстардан өтіп, қала шетіне, Талғар тас жолына шықты. Көз ұшындағы белестен асып жығылып жатқан, екі жағалауына самаладай боп ағаштар өскен оқтай тұзу бұл жол жер жонынан тілінген таспа секілді. Жолдың екі жақ өңірінде әр жерде келе жатқан, кетіп бара жатқан жүргіншілер бар. Айнала мәуелеген жасыл алқап, толықсыған жаз бейнесі.



Манадан бері қырындай бұрылып, алға қарап келе жатқан Сережа, қайта жөнделіп, артқа қарап отырды да:

— Сен де сол колхозға барасың ба? — деп сұрады Болаттан тап бір ескі танысынша шынтағымен түртіп қалып.

Болат оның бетіне біраз суық қарап тұрды да:

— Я, — деді жақтырмаған үймен.

— Неменеге барасың?

— Демалысқа барамын, — деп қайырды Болат.

— Қай класты бітірдің?

— Оның саған қажеті не?

— Немене, айтқың келмей ме? Міне қызық. Әңгімелесіп отырсақ, жол қысқарады.

Кіп-кішкентай болып алып, мынаның Болатты басына сөйлеуі оның қытығына тиді.

— Жөніне отыр, — деді Болат онан гөрі өзін ересек санайтынын, онымен сөйлескісі келмейтінін аңғартып, қабағын шытып. Сөйтті де, оған жонын беріңкіреп, теріс бұрылып отырды.

Сережа мыре етіп бір күлді.

— Бюрократ екенсің. Ернінен ана сүті кеппеген... Егер майданда болсаң, мұндай қылықтарың үшін мұрынсыз қалар едің...

Бұл сөздер Сережаның бойына шақ сөздер емес еді. Сондықтан ол үлкендерден естігенін орынсыз қолдана салатын есерсоқтау біреу секілденіп қалды Болатқа.

Болат ызасы қайнап, жалт бұрылды.

— Сенін бірдеме көргін келіп отыр ма?

— Ашу шақырғын келе ме? — деді Сережа жайбаракат қана. — Ондай өнерінді соғысқа барып, фашистерге көрсет.

— Онда сенің жұмысын болмасын!

— Мен тылда жүріп едірендегендерді жаратпаймын.

«Мынау бір қасарысқан пәле ғой, жұғыспай аулақ отырайыншы» деген ой келді де, Болат онан гөрі теріс бұрылып отырды. Осыдан соң ол екеуінің арасында көпке созылған үнсіздік басталды.

Алматы артта қалды. Батып бара жатқан күннің ақырғы сәулесі сонау тау үстінде қалықтаған ақша бұлтты сұйық қызғылт түске бояп тұр. Ол бұлт — бұлт емес, қыздар ұстайтын үлбірек жұқа жібек орамалға ұқсайды. Жолдың екі жағындағы толықсыған бақтың әлі піспеген алма, өріктері көз тұндырады. Зулап бара жатқан машинаның үстінен қарағанда бүкіл дала шыр айналып үйірілгендей болады.

Бір терең арықтағы сарқырап ағып жатқан суға жете беріп, машина тоқтай қалып еді.

— Ей, ей, — деп Сережа Болаттың бүйірінен түртті.

— Немене?

— Мына котелокпен су әкелші.

Сережаның тәлтек ете бастағанына Болаттың ашум қозып кетті. Тағы да жалт бұрылды.

— Менен аулақ жөніңе отырасың ба, жоқ па?!

— Су алып кел шатынамай, ештеңен де кетпейді.

— Керек болса, әкел өзін.

— Менің аяғым ауырып отыр. Тіземем оқ тиген еді, бүгін бірсыпыра жаяу жүргенге ісініп қалыпты.

— Неғылаған оқ?

— Фашистердің оғы. Бағана-ақ жол сұрасайық деп едім, бюрократтыққа салынды ғой. Мен Украинадан келе жатырмын. Партизанмын. Сенің аяғың сау ғой, су әкелші шөлдеп отырмын.

Болат оның бас-аяғына сенімсіздікпен қарап еді.

— Немене, сенің келмей ме? — деп, Сережа төсқалтасына қол салып, әппақ қол орамалға оралған бірденені алды. Бұл не екен деп Болат ынтыға қарап отыр. Баппен қаттап орап тастаған әлгі зат күн жүзді күміс медаль — «Ерлігі үшін» екен. Міне, көрдің бе дегендей, Сережа оны омырауына түйреп қойды да, Болатқа қарады.

Болаттың көзі бажырая қалды. Медальға тесіле

қарап, шегіншектен барады... Пальтосын шешіп тастай салды да, котелокты алып, машинадан секіріп түсті.

Суды ұзақ сімірді де, Сережа рахмет айтып, қалғанын төгіп тастады. Содан соң Болатқа бағанағы сұрағын қайтадан берді.

— Қай класты бітірдің?

— Жетіншіні.

Осы кезде кабинадан Жұлдыз шығып:

— Балаларым, қалай, жайлы келесіндер ме? — деп сұрады.

Сережа, басыңның ауырғаны басылды ма?

— Аздап ауырып отыр.

— Ештеңе етпейді, күндіз ыстық өткен ғой.

— Сенің атың кім? — деп сұрады Сережа Болаттан.

— Болат.

— Тіпті жақсы. Енді екеуміз таныс болдық.

II-тарау.

Машина тоқтаусыз жүріп келеді. Бұйра шаң шұбалын артта қалып жатыр. Алда-санда алдан кездескен машиналар зып етіп жанап өте шығады. Мұндайда екі машинаның шаңы ұйна-тұйна араласып, әп-сатте тұншықтырып жібереді. Кеш қараңғылығы біртіндеп қойыла түсуде. Бірәңкей көк түске боялған аспан шатырының тек батыс етегі ғана солғын бозамықтанып тұр.

Болат бетін Сережаға қарай бұрып, оған әуестеп қарай бастады. Әлгінде айтқан асқақ сөздері үшін іштей опық та жеп отыр. «Әке-шеше, туған-туысқандары қайда екен, бұлар тұрған жерге соғыс қалай келді екен, ол партизандарда қанша уақыт болды екен, қандай жағдайда жараланды екен» деген сұрақтар көкейіне қылақылдап келіп жатыр.

Сережа да көпке шейін үндей қоймады. Басына кең сары пилоткасын баса киіп, фуфайкасының жағасына иегін тыға түсіп, қолын қусырынып алды да, сонау алыстап бара жатқан тау бөктеріне көз тігіп, үнсіз отыра берді. Оның үстіндегі үлкен фуфайкасы жеңін қайырып алғанмен, бүкіл ыйық, жаға кеу-кеулеп бос жатыр, тағы бір Сережа ішіне еркін сыйып кеткендей.

Сережамен қалай әңгімелесерін білмей, Болат оған көз қыйығымен бірғауым қарап отырды да, ақыры:

— Сережа, тамақ жесек қалай болады? — деді.

— Жейік, — деп, Сережа ар жағынан тырсыйған солдат рюкзакін алды.

— Сен онында қоя тұр. Менде піскен ет те, жұмыртқа да бар, — деп, Болат жалма-жан чемоданын аша бастады.

— Менде де бәрі бар, — деді Сережа рюкзакінің аузын жайбарақат шешіп жатып, — мен кеше ғана он күндік әскери паек алдым.

— Дегенмен үй тамағынан жейік, — деп, Болат ашылған чемоданды оның алдына тосты.

Сережа дәрбасынан майлы шұжық алып:

— Сен солдат тамағын деп көр, — деді Болатқа.

Екеуі әбден тойып алды. «Дастарқан» жыйналған соң Сережа бір жөтеліп алды да, өз өмірінің ұзақ хикаясын шертті.

Оның әкесі Чернигов облысындағы бір ауданда аудандық партия комитетінің секретары еді. Тұрмыс, әрине, күзгі бау-бақшадай әсем, сәулетті болатын... Кенет таң сәріде, Отан тәтті тыныстап жатқан мезгілде сұраныл соғыс дабызы азынап кетті. Әлгінде ғана көк жүзі ашық, тыныштық секілді еді. Қаракшы жоритар шақта жау тұтқыйылдан килікті... Заводтың көкке бойлаған заулім үйіне бомба түсіп, ұзын мойны қыңырайып, құлап қалды...

... Соғыс басталды! Апат!.. Өрт!.. Шоңқия төңкерілген автомашина... Қыйраған көпір...

Партия Сережаның әкесін жасырын жұмыстар жүргізуге жау тылында қалдырды. Сережа мен шешесі душпаның қанды шенгеліне ілікпес үшін аудан орталығы халықымен бірге темір жол станциясына жөнелтілді. Бірақ кісі өлтіргіштер талғап өлтірмейді ғой. Фашистік әуе қаракшылары шұбырған пачасыз халықты тағылықпен шүйіле бомбалап, пулеметтен атқылап, жол бойы аяусыз қырды. Осы сойқанның ішінде Сережаның шешесі де оққа ұшты... Темір жол станциясына жете алмай, орта жолда бүліншілікке ұшыраған жұрт бет-бетімен орманға қашып паналады. Сережа да солармен бірге еді. Сережаның партизандық өмірі осылай басталды. Ол партизандардың ит тұмсығы батпас ну жыныстағы жеркепе штабында қолбала есепті өмір сүріп тұра берді, аспазшының жәрдемшісі болып алды. Пысықтығымен, сергектігімен көзге түсті.

Партизандардан көресіні көріп, ызасы қайнаған жау ақыры бұл отрядты жойып жіберуге бел байлады, көктен, жерден күшін аямай төгіп, шабуылға шықты. Орманға өрт қойды... Қырғын айқас басталды... Осындай сын сағатта Сережаның қылдырықтай мойны да батпан-батпан ауыртпалықтар көтерді. Күні-түні дамыл таппаған айқас үстінде ол санитарлармен бірге жүріп, зор еңбек етті... Сөйтіп жүріп тізесінен жараланып қалды. Екінші түні жау құрсауынан амалдап сытылып шығып кеткен партизандар тобы Сережаны бірге ала кеткен еді...

Жауынгерлік қатардан шығып қалғандарға жау тылында өмір сүру, емделу өте қыйын еді. Сондықтан Сталин бұларға дәрігерлік самолет жіберді... Көсем өзге партизандардың бұдан былай да жеңіск жете беруін тілеп, алғысын қоса жолдады. Сталиннің жіберген самолёті бұларды жау тылынан аман алып шығып, үлкен жерге әкелді. Алматыдағы әскери госпитальда, Жұлдыз бен Сережа бір палатада қатар жатты... Танысты, бастан кешкендерін айтысты, достасты. Жұлдыз госпитальдан шығарда Сережаны қашан әкесі табылғанша өзіне іні етіп алуға, оқытып тәрбиелеуге уәде берді, Сережа оған келісті. Осыдан бірнеше күн бұрын Сережа госпитальдан шығатын болдым деп хат жазған соң, Жұлдыз бүгін оны алып қайту үшін Алматыға әдейі келіп отыр.



Жүргіншілер еш жерге қонбауға бел байлап, жүре берді. Бірақ машинаның майда тербетісі мен мотордың бір калыпты үлдеген үні қараңғы түскен соң ұйқының қабаққа тез үйілуіне шақыртқы болды да, мұндай беймазалыққа көндігіп алған шоферден басқалар қалғый бастады. Жұлдыз әлсін-әлсін еңкейіп кетіп, маңдайын темір тұткаға соғып ала жаздап қалып отыр. Кейде бір жағына қыйсайып кетіп, шофердің рульдегі қолына қақтығады. Маужыраған тәтті ұйқы басып келеді, еисені көтертер емес. «Токтат машинаны, дейді, ұйқы үстемдік жүргізбек болып, — жаға қал да, рақаттанып ұйықтап ал. Ауа қандай қажет болса, мен де сондай қажетпін. Тыныс аямай шыдап көрші... Кезек менікі, билікті маған бересің, күштеп көндіремін. Екі күннен бергі қорлағаның жетеді енді!»

Жұлдыздың саналы еркі ұйқыға қарсы шығады. «Рас, сен маған керексің — дейді ол, — өте керексің, пайдалысың. Бірақ сенен гөрі қажеті артық, маңызды істер мені тосып тұр қазір. Соларға тезірек жетуім керек. Бұл сені қорлағаным емес, қолқалағаным. Айтқаныма көнбесең, мен де сені күшпен көндіремін. Қазір соғыс кезі»...

Ұйқының мұны ұғынығысы келмейді. Салмағын аямай салып торлай береді қабақты. Ерік оған көнбейді, қарсы шығады. Екеуінің арасында қызу тартыс басталады. Бірде ұйқы еңсереді. Бірде ерік еңсереді... Талай итжығыстар өтеді. Бірақ еріктің басымдығы сөзсіз. Сондықтан да машина тоқтамайды, самғай береді.

Күн сәскеге тарта бұлар тағы бір кішірек қара тауға кеп кірді. Салаланған саусақша айқасып жатқан тұмсықтарды орағытып, машина ирелең жүріспен бұлталақтап келеді. Бұл тиімсіз жай Сержа мен Болаттың ұйқысын шайдай ашып жіберді. Біресе олай, біресе былай лықсып кетіп, бимазалана бергендіктен бұл екеуі енді бастарын көтеріп отырды.

Машина тағы бір тұмсықты орағыта бергенде, алда жол шетіндегі жалғызаяқ соқпақпен кетіп бара жатқан бір салт атты көрінді. Мінгені шалақ күйрек жирен ат. Шалбарланып алған торкөз қызыл жейдесінің арқасы қомпыйып шығып кеткен. Қомақты бөктеріндісі бар. Аты ойнақтай басып, жұлқына түсіп ауыздық сүзіп келеді. Әлгі салт атты машина дауысын төніп келгенде ғана естіп, жалт қарап еді, бала екен. Қарала өзбек тақыясы үлкен басының төбесінде шәйнектің қақпағына ұқсап тұр. Ол кабинада отырған Жұлдызды танып, қатарласа желіп келді де:


— Сәлеметсіз бе, аға, — деп амандасты.

Бұл да осы колхоздың баласы еді. Аты-Досан. Аудан орталығындағы орта мектептің сегізінші класын бітіріп келе жатыр.

Досан тақыясын қолына алды да, машинамен жанасып шаба жөнелді.

Енді бұдан әрмен тау таусылып, жол солға қарай бұрылатын да, бөктерлеп кететін. Машина бетін солай түзеп самғатты. Досан да қалмай, жанаса шауып келеді. Машина ызғыта түскен сайын ол да тебініп, қамшы шықпыртады... Өзінің осы күйін мақтаныш еткендей Досан тізгінді тежей ұстап, шірене түседі. Өзінің бұл мырза кейін артындағы жалбан-жалбаң көтерілген бөктеріндісі бұзып келе жатқанын Досан аңдамайды. Біресе машинаға таман тақап кеп, мені көрдіңдер ме дегендей Сержа мен Болатқа маңыздана көз тастайды, біресе шұбалған шаннан сескенгендей жалт беріп аулақтайды. Бірақ әйтеуір машинамен қатарласпайды, өйткені кабинадағы Жұлдызға көрінісі келмейді.

Ол осылайша бірқауым жер қалмай көсілтіп ілесіп отырды. Жирен аттың аузы ақ көбіктеніп, омырауын қап-қара тер басты. Досанның бұл қылығына күйініп келе жатқан Сержа бір уақытта шыдамай кетіп:



— Әй, денің сау ма өзіңнің, аясаңшы атты! — деп дауыстады.

Дәл осы мезетте Досанның бөктеріндісінің бір жағы шешіліп кетіп, арасындағы қағаз, кітаптары сау етіп төгіліп, шашылып қалды. Жирен ат құлағын жымыра осықырынып, үркіп кетті. Досан артына жалт қарағанда бұрқырай шашылып жатқан кітаптарды, әуеде қалықтаған жеке-парак қағаздарды, ат сауырына түгел жайылып кеткен бөктеріндісін көрді...

Сержа мен Болат бұған ду күліскен еді.

Көп ұзамай машина алдағы көрінген ауылға келіп кіріп еді, орталық көшемен өріп бара жатқан бір қора сыйыр қарсы жолығып, алдын бөгеді. Машина жүрісін лажсыздан баяулатып, үсті-үстіне сигнал береді. Аяғын алшаң басқан ай мүйізді зор сыйырлар теңселе барып, шатқаяқтап, әрең бұрылады...

Сыйырлардың шетіне шыға бере, машина тағы да ағыза жөнелді. Ағаш шатырлы біріне-бірі ұқсас үйлер екі жақта кейін сырғып қалып жатыр, олар көленкелеу үшін қою ағаштың арасына әдейі жасырынып бара жатқан секілді.

Жол шетінде бір топ бала әлденеге таласа сөйлесіп, машинаға қарсы келе жатыр еді. Қастарынан өте шыққан машинаны танып, жалт бұрылып қарап:

— Біздің машина

— Жұлдыз ағай келді! — Партизанды әкелді.

— Анау отырған соның өзі шығар! — десіп, олар машинаның соңынан жүгірісті. Арықтау сұңғақ бойлы біреуі лезде-ақ өзгелерден озып, оқшау суырлы шықты. Ол өзінің тәуір жүретіндігін мақтаныш еткендей, артына жалтақ-жалтақ қарап қойып келеді.

Машина маңдайшасындағы «Неміс басқыншыларға өлім келсін!» деген қызыл матадағы ұран анадайдан айқын танылып, жар салып тұрған үлкен қақпаға еніп, ағаштан мінсіз қыйып салған, сырты сыланбаған, шатырын көк қаңылтырмен қаптаған үлкен жаңа үйдің — колхоз кенесінің алдына келіп тоқтады.

Жұлдыз кабинадан шықты.

— Кәне, балақайларым, біздің ауыл осы...

Сержа мен Болат көздеріне байланған былшықты үгіп түсіріп, мойны-бастарының шаңын орамалмен

сүртініп, соны жерге алғаш келген адамда, әсіресе балаларда болатын әдетпен төнрекке әуестене қарап тұр.

Кенседен қалың былғарыдан тігілген ұзын қоныш жұмыскер етік киген, шалбарының тізесі отыра-отыра шодырайып кеткен, жылтыр айылбасты жіңішке қайыс белбеуді салбыранқы үлкен қарнының астынан көтере буынған, басында қырғыздардікі секілді айыр шеке ақ қалпағы бар, төртбақ, мығым денелі, қара мұртты бригадир Балабек және екі жас келіншек — аға бухгалтер Катя мен кіші бухгалтер Айша шықты.

— Мынау өздеріңе сырттай мәлім жас партизан Сережа, ал мына бала Қатифаның қайынысы, — деп таныстырды Жұлдыз қонақ балаларды оларға.

Тырағайлап жүгірген уақ балалар да келіп жетті. Олардың назары омыруында медаль жарқыраған Сережада, қоршалап жақындай түсіп, әрі таңырқаған, әрі әуестенген кейіппен қарайды. Жұлдыз өзге балалардан озып келген сұңғақ бойлы қара сыйраққа:

— Сапар мына Сережаны біздің үйге апарындар, — деді Барып, демала бер, Сережа, мен де қазір барамын, жұмыс жайымен танысып шығайып. Ал, мына баланы жеткесінікіне ертіп барындар. Жүктерін сендер көтеріндер, қонақ сыйлау дегенді білесіңдер ме?!

Балалар Сережа мен Болаттың заттарын дәнге жармасқан құмырысқаша таласа қаумалап, қолдан-қолға тигізбей ала жөнелісті. Бұларды әрі өздеріне қарағанда ересек, әрі құрметті сый қонақ санайды. Дегенмен біраздан соң Болатқа көңіл бөлуші ешкім болмай, ол шеттеп қалды. Балалардың бәрі Сережаны қоршалап, оның жүзіне, тұлғасына, киімдеріне ерекше назар салып

көз алмай қарап келеді. Әлгі сұңғақ бойлы жүйрігі тіпті оны қолтықтап алды. Балалар Сережаға жан-жақтан сұрақтар жаудырып келе жатыр.

— Фашистерді жақын жерден көрдің бе сен?

— Жақын жерден көргенде қандай, тап қастарында болдым.

— Сен олардан қорықтың ба?

— Онша қорыққан жоқпын.

— Сен фашистерді өлтірдің бе?

Бұл сұраққа Сережа бірден жауап бере алмай қалды да, мұрнын укалап, бір жөтеліп алып:

— Партизандар фашистерді шыбынша қырады. Талайын ұстап алып, атып тастадық, — деді.

— Күзде бізбен бірге осында оқыйсың ба?

— Я.

— Қай класта?

— Соғыс болмағанда жетіншіде оқыйтын едім. Енді, амал жоқ, алтыншыда...

— Мен де алтыншыда оқыймын. Екеуміз бір партаға отырайық, мақұл ма? Тап терезенің алдынан, жарық жерден орын аламыз, — деді Сережаны қолтықтап келе жатқан сұңғақ бойлы қара сыйрақ жыпылдата сөйлеп.

Болаттың чемоданын бір жағына қыйсайтып, тізесіне соққылай, әуреленіп көтеріп келе жатқан, ерні туырылып дүрдіе біткен, тәпсіз тек шойын қара бала оның сөзін жақтырмай, Сережаны қамқорсый сөйледі.

— Терезенің түбінен басыңа күн түсіп, мыйынды ашытып жібереді.

(Жалғасы бар).

Ж а н а а р н а

Хамит Ерғалиев

Әңгіме

Әуелі күн бір мазасызданып, топырақты аспанға көтеріп әкетіп еді. Ол заматта алдымызды байыптап көре алмағанбыз. Жаңа ғана құя-құя салған жаңбыр жүргінші құмның бәрін де жерге жаншып жіберді. Көшіп жатқан топырақтың үлкені ол емес екен; енді ғана көріп келеміз.

Канал басы Волга аңғарынан шығысқа сұғынып, жоғары вольтті көп бағандарды маң далаға жетектей кеткен. Сталинград, одан бергі «Каменный», «Деревянный» қалашықтары кейінде, аслыста мұнартады. Бірақ бағандар тоқтаған шек толы өмір: көп машина бір ізбен жер атынан шұбырып шығады да, әудем барып арқаларын күдірейтеді, ұшқалы тұрған құс сыяқтанады. Сәлден кейін ол орында жолым үйі қарамындай топырақ қана қалады. Шыққан жеріне қайта барған машиналар төмен түсіп, лезде жоқ болады. Тағы шығып, тағы сөйтеді. Еңбек тығыздығы құмырсқаның құжынақ илеуі іспеттес.

Канал ернеуіне таяп келгенімізде әлгі бір әзірде көзден таса болған зор машиналар қайта шықты. Солардың салмағынан болу керек, табанымыздағы жер тыныш жатпай, ді-

рілдейді. Машина түрі көп. «МАЗ» аталатын жыйырма бес тонналығын да көріп тұрмыз. Минск заводынан шыққан. Осы машинадан көз алмай көп бөгелдік: заты автомашинна аталғанымен, қарымы ерекше, тау арқалаған батыр сыяқты. Ертегілерді ақылға сыйғыза алмай, иланбай үйренген басымыз бұған алғаш рет кездесіп тұр. Арқасынан аударып түсірген топырағы кәдімгі төбе бола қалады. Бульдозер, скреперлер әлгі төбенің үстіне шығып бола алмай кимелеп жатқаны... Шұқшыя қарамасаң, осылардың ішінде отырған адамдарды көрудің өзі қыйын.

Участок бастығы Кавельский екеуміздің қаранғы түскенше о жер, бұ жеріне қыдыра берген ізіміз забойлардың биік жарында жатыр. Жер бетіндегі біз аспанда тәріздіміз де, көзіміз тым-ақ төменге, тереңге құнығады.

Әр забойда бір экскаватор. Әр бірі өзінше зор. Жаңа ғана ожауы үш текше метрлік біреуін көргенбіз. Алымы ірі-ақ сыяқты еді. Ол топырақты тастап жібергенде бес тонналық машинаның бөксесі шөмен етіп, шөге қоятын. Машинаның бір жері үзіліп кетті ме, деп, менің де қып ете қалғаным бар. Кавельский бірде:

— Аркасына сенбесе, ол ожаудың астына тұрмайды да ғой,— деп күлгенді. (Тегінде, машина шөмең ете қалған сайын мен тынышсыздана берсем керек).

Сөйткен ол мына ожауы он төрт текше метрлік экскаватор жанында, енесі ерткен тайлақ есепті екен. Соңғысының төменнен копара көтерген топырағының орнында кәдімгі тұрғын үй кеңдігіндей үңгір қалады. Мойны жетпей бара жатса, отырған адамның қолдары тәрізді екі таянышына сүйенсе, бүкіл денесін алға бір-ақ тастайды.

— Осы мойымен Оралға жетеді, ә?


— Және төрт-ақ жылда... Бұл жер 68 жыл қазылған Ніл өзенінің қолтығы емес те, мына мойын негрдің күрегі емес қой,— деп, Кавельский шылымын ұсынады, мен оны шалқайып тұрып тартамын! Ол екі арада экскаватор ұзап кеткен үңгірге тағы да жетіп алады. Әлгі «МАЗ» бір төбе топырақты осының аузынан алады екен.

Мойны жүз метрге созылатындары да бар. Олар тіпті көлік тілемейді. Өздері сонау тереңде тұрып алып, асаған топырағын аспандатып әкетеді де, жар басынан таяқ тастам аулақ

түсіреді. Неше мың жыл жаншылған жер қабаттары «уһ» дегендей, түсерінде зірк ете қалады. Қандай хаюанаттан екенін өздері білсін, не бір үлкен сүйектер де ыршып барып, аунап-аунап жатады. Әйнектен машинистердің беттері ғана әрең көрінеді. «Мынау Аношин», «мынау Шишлов» деп, Кавельский экскаваторларды нұсқайды. Бұл фамилиялар маған таныс. Бұлардың Волга-Дон каналынан келген озаттар екенін орталық газеттен кеше ғана оқығам.

Екеуінің де бізбен тілдесуі дәл қазір мүмкін емес. Айғайлаған дауысқа алақанымен құлағынды қанша тоссаң да, естімейтінің былай тұрыпты ғой... Тілдесетін уақыт жоқ. Олармен бір рет ымға келген хат тасушы қыз ғана болды. Қыз хаттарды көрсетті де, екі қолымен бүйірін таянып, кезек-кезек аяғын көтерді. Сөйтіп «Билеңдер!» дегенін ұқтырды. Ол сәтте топырақты толтыра асап алып, солдан оңға жеңіл айналған экскаватор біздің көзімізге құдды биші боп көрінді.

Осының бәрін қуа көріп жүріп күнді батырдық. Қараңғы түсе әлгі көріністер көзден жоғалып, суреттері есте ғана қалды. Олардың



Түркменнің Бас каналы құрылысында.
Суретте: текшеметрлік электр экскаваторы.

(СОТА-ның сурет қоры).

орнына көшіп жүрген оттар пайда болды. Біз трасса бойымен Қазақстанға беттегенде, кейін қалған сол оттар көпке дейін тасаланбай тұрып алды.

* * *

Төбелер асып, жазықтар бойлап, азық тиеген машинамыз түні бойы жүгіріп еді, міне енді, күн көтерілді, әлі заулап келеміз. Алғашында шыған-тоғай селендер кездескенді. Бір аздан кейін олар да қалып қойды. Інірде мінген көк машинамыз енді көрсек аппақ. Өйтетін жөні де бар: жер қуан. Жасаң деген атыраптың өзі өңкей бір бұйырғын мен жусан. Олар да күйінкі аңызак жалап тастаған. Ғылым дәлелдемеген болса, осы жерлерге күріш, мақта, түрлі жемістер өседі дегенге сенбес те едік. Канал келгеннен кейін солай болмақ. Бірақ, дәл қазір онымен жұмысы жоқ. Таңертеңгі жел сәл ғана «уф» десе, алдымыздан бір құшақ құйын тұра қашады.

Бір мезетте Батыс Қазақстандағы Сайхын станциясы сағым арасынан толқындап, солай қарай жүгірген поездар тізбегі де көрінді. Даладағы бір топ бұрғышыға осы маңдарда ұшырастық.

Айдалада бірнеше адам, бір вышка (мұндайлардың талайы түнде жолдан бір бүйір қалған болу керек). Бастарын ақ, көк орамалдармен таңып алған еркектер, шетеннен, сырма бәтестен қалпақ киген қыздар. Бәрінің өңдері бірдей тотыққан.

Үш адам айналдырған қол бұрғы жанында бір қыз тұр еді. Бұрғылау мастери екен. Ұмытпасам соның аты — Лида. Сәлемдескенімізде көз қыйығын ғана тастап, басын сәл изеді де, аулақтағы машина жаққа:

— Отряд бастығы! — деп айғай салды. Одан соң қыз әлгі үш жігітке қарап қолын сілкіп қалды. Олар бұрғылауын тоқтата қойды. Қыз тағы да екі қолымен аузын қораштап алып, әлгі жаққа: «Же — лон — ка — а!» дей айғайлады. (Техниканы шақырып тұр). Бізге бар айтқаны — жерді нұсқап: «тас» — деді.

«ЗИС»-ке тиеліп бір топ адам дереу жетті. Скважина төңірегінде амал-тәсіл көбейді. «Ананы әпер!», «Мынаны әпер!» деп асыққан шеберлердің кісі жұмсай беретін әдеті ғой, бетенсіремей бізді де жұмсайды.

Желонкасы автомашина моторынан қуат алып істейтін қазғыш құрал болды. Ол құрал жерді бұрғыламай, түйгіштейді екен. Жерге сүнгірінде басына стакан сыяқты бір темір ыдысын іліктіріп ала кетті.

Мастер қыз жер астына октын-октын құлағын тосып кеп тұрғанды. Көзі қыяда, көңілі жердің астына кеткен. Бір сәтте ол көңілденіп: «Бітті... Өтті!» — деді. Сөйтті де, кәдімгі қазақ қай-

натқан малтаның біреуін қалтасынан аузына салды; бұйырғын үстіне жантайып жата кетті. Ол жадыраған соң бәріміз де жымындасып, жөн сұрасып қалдық: біреу Сахалиннен, біреу Киевтен, енді біреу Ферғанадан болып шығады. Жер астына кеткен «стаканның» не әкелерін күтіп, шынысын даярлап отырған әне бір сары қыз Эстониядан деседі. Қыр басына қылт етіп шыға келген салт аттыны бәрімізден бұрын сол қыз көрді.

— Ескали! — деді ол. Салт атты жаққа өрегіте қараған қыз-жігіттер қолдарын да, дауыстарын да көтереді, атқа бөктерілген кара торсықты көріп шәліркеу еріндерін де жалайды. Осы маңдағы ауыл жылқышыларының бірі көрінеді. Біз кетерде торсығымен бірге жылқышы шалдың өзін де жастар аттан көтеріп алып жатқанды.

... Сайхында 1-партия бастығы Лучис үйіне соқтық. Жұпыны киінген бір қасқа бас шалдан: «Ол кісі қайда?» деп сұраймыз. Әлгі шал: — осында, — дейді де, сордак-сордак комбинезонды укалай береді. Және өзі: «Кеше мені бір батпақ сор жұтып қоя жаздады!» деп күледі. Шынында да жұтып қоя жазданты. Кеңірдегі ғана қалғанда қайықпен кеп, әрең суырып алыпты.

Шал асығыс киініп болды да, сөйткенше батпақ сор тарихын айтып бітірді де: «Лучис мен едім. Шаруаныз?..» деді.

— Журналиспіз, жолыққымыз келеді.

Ол күлімсіреп, екі қолын көкірегіне басты да: — Әбден жақсы, тек түнгі сағат бірден кейін кездессек, — деді.

— Оған дейін ше?

— Менімен әңгімелесуге даярланыңыз. Тиімді, қысқа әңгімелесуге даярланыңыз. Мен батпақ сорға барам. Құрғату жолын іздеп жатырмыз. Канал келген соң ондай жалмауыз жерлер де кәдеге асады.

Ол осыны айтып болып, ыйығыма қолын артты, кадала бетіме қарады.

— Әлде маған ергіңіз келіп тұр ма?


Ергім келіп тұрғаны рас еді. «Әңгімеге даярлан» дегені ой салды. Шынында да мұндай тамаша адамдар алдында өзінді-өзін жыйнақы ұстай алмай, әр нені сөйлеп отырсаң ұят қана емес, оның алтын уақытына қыянат та болар еді.

— Жоқ, мен қалайын, даярланайын!

Ол «газигіне» отырып, сол бетімен жөнеліп кетті. Мен «Неден бастаған жөн?» деп, сол орында ұзақ уақыт ойланып тұрып қалыппын.

Балалар! Көзің көргенде жаныңды толқытатын, терең ойлататын осындай ғажайып адамдар, істер болады. Сондай адамдармен, істермен бірге болуға даярлану керек.

МЕДАЛЬ



I

— Көрдім Әбу ағаны
Кеудесінде көп орден.
Айтшы! Ол не үшін тағады,
Жүрмеймін қадап неге мен?
Бере ме тек үлкенге
Оқуға, іске жараған.
Сатылса барлық дүкенде,
Тақпайды неге әр адам? —
Деп Құрмет сол туралы,
Құмарланып сұрады.
Осы бір ойлы сұрағы,
Анасына ұнады.

II

— Толықсып өсіп Өжкен қыз
Оныншыны бітірді.
Қолғабыс беріп өткен күз,
Үйге де талай кеп тұрды.
Кішіпейіл, әдепті,
Лениншіл комсомол.
Жақсы өнеге көрсетті
Қатарына үнемі ол.
Көк өрімдей бірге өскен,
Өзінің көп достары.
Шын көңілмен сеніскен,
Қалтқысыз тату, дос бәрі.
Үздік біліп сабағын,
Дос көріпті кітапты.
Бірза ғып ауыл адамын,
Ұстазына ұнапты.
Атанып іскер, қоғамшыл,
Оқуға жігер салыпты.
Сол үшін Өжкен осы жыл,
Алтын медаль алыпты.
Өжкенге ұкса, Құрметім,
Тұңғыш жылым деме сен
Жақсы оқу әзір міндетің —
Көмегің елге тигізген.

III

Кластасың Жеңістің
Танысын ба әкесін?
— Жоқ! — деді Құрмет, —
білемедім.
— Көрмеген онда екенсін!
Аямастан ол жанын
Сұрапылда кешегі

Қорғады байтақ Отанын,
Жібермей жауға есені.
Бейбіт күннің самалы
Жеңістей шалқып есілді.
Туған жердің алабы
Жадырап бір көсілді.
Көрсетіп ерлік майданда,
Сақтаған елдің намысын.
Ұсынды халық батырға,
Алтын жұлдыз сол үшін!
Жарқыратып кеудесін
Жүреді кейде сол кісі.
Қатарланған көп орден —
Ерлігінің белгісі.

IV

Атызды ақ алапта
Тау тұрғызып мақтадан,
Ие болған жақсы атқа
Гүлзиананы ел мақтаған.
Жылма — жыл алып мол өнім,
Талай рекорд жасапты.
Үлгідей жайып өнерін,
Жаңалыққа бастапты.
Байлықтың ашып мол көзін
Жер ырысы — ақ алтын,
Шығарды даңқын колхоздың,
Әйгілеп елге ер атын.
Білдік оның болғанын
Еңбек Ері атақты.

«Орақ — балға» медалін,
Төсіне гүлдей қадапты.
Шалқыған тасып шат сезім,
Кеудесіне сыймапты.
Бағалап ер еңбегін
Қамқор халық сыйлапты.

V

Әрине олар есеппен,
Даңқ үшін еңбек етпеді.
Өмірді бақтай гүлдеткен
Істері зая кетпеді.



Әркімнің адал еңбегі
Өзіне аброй әперді.
Елге де тиіп көмегі,
Сын кезең де қатерлі.
Басынан ерлер кешірді
Қысылшаң ауыр күндерді.
Төксе де хауіп не түрлі
Тайсалуды білмеді.
Құшағында бейбіт күн,
Оқысын деп сабағын.
Істеді бәрін сен үшін,
Ұғындың ба, қарағым!
Сол үшін еңбек жемісін,
Отанға арнап береді.
Сол үшін ердің есімін.
Құрметке ел бөледі.

VI

Жақсы оқы, балам! Түлеткен
Анаңның осы тілегі.
Тұсың да сенің суретте
Көсемің күндей күледі.
Төсіңде жаның түр жұлдыз —
Алғысындай бар елдің.
Төгеді сәуле нұрлы жүз
Игілігі үшін әлемнің.
Сталин әрбір адамның
Бақытын тауып әперген.
Коммунизм — заманның
Жеңіс туын көтерген.

VII

Дайындал, Құрмет, сын жақын,
Алдыңда талай емтихан.
Жібермей бос уақытын,
Алады білім ұмтылған.
Ісін сай келіп сөзіңе,
Берсе жеміс еккенің.
Ұсынар медаль өзіңе
Өскен ұяң — мектебін.
Келтіріп пайда Отанға,
Мақсатқа жетсең жұлде алып.
Қол соғып ұлы дана да,
Мәз болар анаң қуанып!

Ө. Жайлауов



52-мектептің оқушылары 2 километрлік жорық үстінде.

1952 жылғы 30 декабрьден бастап 1953 жылдың 1 мартына дейін пионер дружиналарында «Пионерская правда» газетінің сыйлығын алуға арналған шаңғы жарысы өткізіліп келеді. Жарыс әуелі дружина көлемінде (отрядтық және дружиналық), онан соң аудандарда, сөйтіп барып қортындысында қалаларда өткізілмек.

Өткен жылы шаңғы жарысына екі жарым миллионнан астам пионерлер қатысса, быйыл оған мұнан да көп пионерлер қатысады. Бұл — балалардың шаңғы спортын ерекше сүйетіндігін көрсетеді. Біздің елде балалардың жақсы шаңғышы болып шығуына барлық жағдайлар жасалған. Арифметика, физика және басқа пәндермен тең физкультура пәніне де мектептерде ерекше мән берілген.

Көптеген пионерлер өздерінің демалыс уақыттарында шаңғы тебуге шығады. Бұл олардың денелерін шынықтырып, денсаулықтарын күшейтумен қоса, спорт өнерін жақсы игеріп шеберлер қатарына қосылуға ынталандырады.

Жамбыл атындағы 18-мектептің оқушы балалары алғашқы қар түсісімен жаттығуға шықты.

ШАҢҒЫ ЖАРЫСЫ

Әр отрядтың мүшелері күн сайын шаңғы тебумен шұғылданды, шаңғы тебу әдісін үйренді. Шаңғы жарыстарына пионерлердің көпшілігі қатысып отырады. Сол сыяқты № 10-мектептегі физкультура советі де жақсы жұмыс істеді. Ондағы қыздар да күн сайын шаңғы тебуге жаттығады. Әрбір отрядта шаңғышы қыздар командалары құрылған. Мұндағы қыздардың әрқайсысы 1—2 километр қашықтыққа дейін жарыса алады. Олардың кейбіреулері нормаларын артығымен орындайды. Мысалы: Ерофеева Лера 1 километр қашықтықты 5 минут 50 секундте, Скакова Роза 6 минут 30 секундте, ал, Кувнова Аня 2 километр қашықты 12 минутте, Қонақбаева Эла 15 минут 30 секундте өтті. Мұнда дружина жарыстарына 350 адам қатысып оның 250 норманы ойдағыдай тапсырды. Бұл жарысқа қатысқандардың ішінде 2 команда ерекше көзге түсті. Ол екеуі де енді аудандық жарысқа қатысады. Олардың бірінде кілең 11—12 жастағы, екіншісінде 13—14 жастағы қыздар. Әр командада он адамнан. Олар өз мектебінің спорт намысын қорғайды.

Сондай-ақ 56-мектептің пионерлері де жарысқа белсене қатысып келеді. Мұнда жарысқа 300 адам қатысып, оның 230-ы норма тапсырды. 11—12 жастағы ер балалар жарысында бірінші орынды пионер Тілеубердин алды. Ол 2 километр қашықтықты 13 минуттің ішінде жүріп өтті. 13—14 жастағы ер балалар жарысында бірінші орынға пионер Максимов ие болды. Ол 3 километр жерді 15 минут, 5 секунд уақыттың ішінде жүріп өтті.

18-мектептегі физкультурашылар советі паркке мектеп оқушыларымен бірге шықты. Олар шаңғы тебу жолын белгілеп тиісті жерлерге төрешілер қойды. Әуелі отряд жарысы, соңан соң дружина жарысы өтті. Дружина жарысына 70 адам қатысты. Старт пен финиш бір жерге белгіленді. Әне, 11—12 жастағы жас балғындар тобы стартта әзір тұр. Төрешінің жалауды бұлғауы-ақ мұң екен, бірінші болып Әбішев суырыла жөнелді. Оның сонынан 5 минуттен кейін Мықжынбаев кетті. Бұлардан кейін басқалары да асыға жарысып барады. Әрбір шаңғышы норманы тапсыру үшін 16 минутте өту



Тілеубердин Болаттың шаңғымен екі километр жорықта келе жатқаны.

10-мектептің шаңғы жарысында үздік шыққан оқушылары.
(Солдан оңға қарай) Қонақбаева Эла,
Барда Лина, Ерофеева Лера,
Скакова Роза



Тілеубердин Болат.



Елікбаев Болатбай.



керек. Бірінші болып Әбішев келді. Төреші коллегиясы оның уақыты 14 минут 10 секунд деп жариялады. Екінші болып келген Мықжынбаевтың уақыты 14 минут 20 секунд. Сөйтіп, олар бірінен соң бірі келіп жатты.

Жарыстың екінші кезеңінде 3 километр қашықтықты 23 минутте жүріп өту керек еді. Елікбаев Болатбай уақыты 18 минутте өтіп бірінші орынға, Өмірзақов Кенес 19 минут 25 секундте өтіп екінші орынға ие болды. Жарыстан кейін төреші коллегиясы дружинада бірінші орынды 5-отряд алғанын жариялады.

Бұл туралы қабырға газетіне жазылды. Дружина жыйналысында отрядқа алғыс жарияланды. Бұл отряд мүшелерінің үлгісі басқаларға кеңінен таратылды.

Бұл жарыстар қорытындысында екі команда үздік озып шығып, аудан бойынша өткізілетін шаңғы жарысына қатысатын болды. Бұлар жарысқа қатысып, өз дружинасының, өз мектебінің спорт абройын қорғайды.

П. Редько.

ӨСКЕМЕН СЭСІ

Очерк

I

Ботпай тауы — Ертістің арнасына еңсесін сала, тұмсығын тығып, төңіре тұрған көп таудың бірі. Бұдан аз-ақ жыл бұрын шілдепін ыстық күндерінде бұл өңірден мөңіреген сыйырды, кісінеген аттың, «шәйт» деген шопанның ғана дауысы шығатын.

Бір күні Ботпай алқымынан қатты дауыс, зор дүмпу естілді. Бірақ бұл тым өзгеше дауыс еді. Бұл аңшы мылтығының даусына ұқсамайтын, аса дүмпулі еді.

Ертіс қатты шайқалып өтті. Оның ғасырлар бойы ешқандай тежеусіз ағып, сонау алыс мұз мұхитына кетіп жатқан әжімді толқынын, мол суын қатты шайқаған Ботпай басынан салынып жатқан жаңа қаланың алғашқы үйінің ірге тасын қалау үшін жер қазушылардың бұзғыш дәрі қойып, тасты бұзғандағы дүмпуі еді. Осы дүмпудің арты сансыз балға мен балтаның дүбірі дауысымен келіп жалғасты. Ботпай қырқасында жер қазғыш машиналар, жүк көтеретін крандар, сансыз автомашиналар күн

сайын көбейе түсті. Дүмпулер үстіне дүмпулер шыға бастады.

Сол алғашқы дүмпудің естілгеніне көп уақыт өтті ме? Тіптен аз-ақ уақыт өткен сияқты-ау. Сол ең тұңғыш дүмпудің жанғырығы Жанәділ Қарімбаевтың құлағында нақ бүгінгідей ызыңдап тұр.

II

Үлкен құрылысты бастап, оны аяқтау үшін ең алдымен құрылысшылар поселкасын салу керек еді. Әлгі айтқан алғашқы дүмпудің шыққан жерінен құрылыс басқармасының екі қабат үлкен ағаш үйі салынды. Осы үй болашақ поселканың негізі болып, Ботпай тауының басы құрылысқа толды.

Құрылыс басқармасының осы үлкен үйінен бастап, тау биігіне, өрге қарай созыла салынған құрылысшылар поселкасының қай жерден барып бітері әзірше белгісіз. Әдемі поселкадағы бірінен-бірін ажыратып алғысыз үйлерді бір-бірінен маңдайшаға жазылған қысқа-қысқа



Суреттегі: Аблакетка поселкасының Сталин атындағы орта мектебі

жазуларына қарап ғана ажыратуға болады. Онда «Жастар жатақханасы», «Бетоншы комсомолештер үйі», «Қыздар жатақханасы», «Жас техниктер үйі», «Мамандар үйі», «Түнгі санаторий», «Балалар үйі», «Балалар бақшасы» деген белгілер мен номерлер жазылған. Бұлардан басқа поселканың оң жақ және сол жақ кенересін қоршай бір пәтерлік әдемі үйлер салынған. Поселка аса үлкен. Оның тауға қарай созылған жағы Ботпайдың ең биік басына дейін кетеді. Осы биіктерге су жүретін түтікті каналдар, тереңнен, тау астынан су тартатын үлкен вышкалар орнатылған.

Аблакетка поселкасында партия оқу үйі, екі кітапхана, құрылыс-жабдық орындары, аптека, емхана, аурухана, монша, стадион, ағаштары енді ғана бой көрсетіп келе жатқан жас парк, бір онжылдық, бір жетіжылдық мектеп, балалар үйі мен балалар бақшасы, ясли, почта-телеграф бөлімшелері бар.

Аблакетканың поселкасын түгел көріп, оның мәдениет орындарын аралауға жарты күннен артық уақыт кетеді. Бірақ, жалықпайсың, құрылысшылар өмірінің нешестүрлі мәдени көріністері бірінен соң бірі қызықты да, тартымды да болып көрінеді. Тау басында, Ертіс жағасына салынған жаңа, қызықты, сәнді поселка мұндағы үлкен өмірдің, қайнаған еңбектің салтанатты бейнесін көз алдына әкеледі...

III

Алтайдың қыя жар тасының қабырғасымен бірдей болып жоғары көтерілген, мұз айдыны үстінде өр кеудесін көкке соза кербезденген Өскемен су электр станциясының заулім биік құрылысы күн санап өсіп келеді.

Құрылыстағы жұмыс үш сменада істеледі. Күндіз демей, түн демей кабель, порталды, мостовой, бетон қалайтын крандардың сықырлаған дауысы, экскаваторлардың жер копарған дүбірі бір тынбайды. Сваршиктердің қолындағы электрлі бұрғыдан қып-қызыл жалын шығып, Ертістің кек айдынды мұзына жалынды ұшқынын шашады.

Мұнда коммунизмнің ұлы құрылыстарында қолданылатын техниканың барлық түрі бар. Еліміздің ең ірі қалалары Москва, Ленинградтағы үлкен заводтардың өзі осы құрылыстың тапсырмасын орындайды. Құрылыстың аса үлкен қажеті болып табылатын әрқайсысы 310 тоннадан жүк көтеретін екі кранды Москваның Ново-Краматорск заводы жасап берді. Міне, осы кранның қуатымен жақында ғана ең алғашқы генератордың роторы орнатылды.

Ертістің нақ жиегіне қойылған адымды экс-



Өскемен СЭС-інің Тоқтар Слямов бастаған озат бригадасы.

каватор мұзы ойылған жерден ертеден кешке дейін су түбінен бетон жасауға керекті майда тасты сүзіп алумен болды. Ол бүгін күндегіше адымдап та жүрген жоқ, бір орында тұрып-ақ жағалауға тасты таудай етіп үйіп те тастады. Ал, заводтан шыққан бетон үлкен кранмен плотинаның ең соңғы ашық пролеттерін жабуға жөнелтіліп жатты.

Совет адамдарының қажырлы қолы ғасырлар бойы ешқандай тежеусіз аққан Ертістің мол суын, тасқынды ағысын бөгеді, оның қуатын халықтың, Станның, болашақ ұрпақтардың мәңгілік игілігіне, бақытына айналдырды. Міне, осылардың нәтижесінде Ертіс мәңгі бөгелді, совет адамдарының күшіне бас иді. Ертістің плотинадан жоғары жағындағы су көтеріле бастады. Судың қаншалықты жоғары көтерілгенін бақылайтын темір бетонды шарбақтың төбесі ғана қылтыйып, судан әрең көрінеді. Ботпай мен Жыланды тауының ортасындағы кең қолтық Ертістің мөлдір суына толып, айнакөлдей жарқырайды.

Міне, осының бәрін жасаған бейбітшіліктің құрылысшылары — совет адамдары. Бұлардың қатарында сталиндік бірінші бесжылдықтың альбы Днепр су электр станциясын (Днепро ГЭС) салысқан карт құрылысшылардан бастап, коммунизм құрылысының тұңғышы В. И. Ленин атындағы Волга — Дон кеме қатынасы каналын салып, Цимлянск су торабы мен электр станциясын жасағандар бар.

Ботпай тауындағы алғашқы өз құлағымен естіген Жанәділдің осы құрылыс көз алдында жасалды, өсті, биіктеді. Құрылыстың ең алғашқы текшеметр бетонының астына тасталған бес тыйындық алтын ақшаның бетін жапқан осы Жанәділ еді. Ол содан бері мынау алып

плотинаға күн сайын 400 тоннадан бетон қалап отырды.

Жанәділ Кәрімбаев — қазір еңбек үстінде өскен, тәжірибелі, бүкіл Одаққа аты шыққан атақты құрылысшы. Ол — құрылыстағы партия бюросының мүшесі. Оны Шығыс Қазақстан облысының коммунистері ККП VI-съезіне делегат етіп сайлады. Оны Қазақстан еңбекшілері бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық төртінші конференциясына делегат етіп жіберді.

IV.

Бұл станцияны бүкіл республикамыз, тіпті бүкіл еліміз салып жатыр. Құрылысшылар арасынан Москва мен Ленинградтан келген инженерлерді, Урал мен Сибирьден келген ұста, техник, экскаваторшыларды, Қостанай мен Ақмоладан келген егінші, малшыларды, Алматы мен Ақтөбеден келген шофер, краншыларды, Гурьев пен Қарағандыдан келген монтажшы, сварщиктерді көруге болады. Құрылыста 350 ден аса коммунист, 800 дей комсомолец, мыңдаған одақта жоқ жастар жұмыс істейді. Еңбектегі ұйымдастырушы, үлгі-өнеге көрсетуші, алдыңғы да, жетекші де топ — коммунистер мен комсомолецтер.

Құрылысшылардың көпшілігі — жастар. Бұлар осы құрылысқа Қазақстан Лениншіл Коммунист Жастар Одағы Орталық Комитетінің жолдамасымен келген. Құрылыста осылардан ұйымдастырылған бірнеше комсомол-жастар бригадасы жұмыс істейді. Құрылыста үздік еңбегімен атағы шыққан Севериновтың, Алтыбаевтың, П. Олиференконың, Г. Алланазаровтың, Т. Слямовтың, Д. Макогоновтың жастар бригадасы бар.

Құрылыстан әртүрлі мамандықтың, әрқыйлы өмірбаяны мен өткен жолы бар адамдарды кездестіруге болады.

Жыйырмаға жаңа ғана аяқ басқан Анатолий Гановичев осы Ертістің жағасында өсті. Әкесі Ұлы Отан соғысында қайтыс болып, осындағы

балалар үйінде тәрбиеленді, кейін құрылыстағы № 58 ФЗО мектебіне оқуға түсіп, оны өткен жылы бітірді. Ол содан бері қарай атақты ұста. Бетон құятын қалып жасайды. Ал, мұның досы Сәлімжан Беркібаев құрылысқа Ақмола облысының Атбасар ауданынан келді. Бұрынғы малшының баласы әлгі ФЗО мектебінде оқып, ұсталық мамандық алды. Қазір екеуі де құрылысқа зор үлес қосқан атақты ұсталар.

Қазақ жастары құрылыста істеп, үлкен су электр станциясын жасауға зор үлес қосумен қатар жаңа мамандықтар алып, еңбек үстінде өсті. Бетоншы Абылқасанов, сварщик Тәтімбетов, ұста Беркінбаев, ағаш шебері Жантаев, арматуршы Бейсатов, бұрғышы Ахмедияров, монтажшы Слямов, электрик Омаров — осылардың айрағы.

Бір кезде орыс ақыны Рылеев «Ермақтың өлімі» деген өлеңінде, Ертіс жағасының меніреу, жабайы екенін суреттеп еді. Ал, совет елі бұл жерді де өзгертті. Ертіс бойынан тамаша қалалар, селолар, поселкалар салынды. Ертіс бойынан еліміздегі ең үлкен электр станцияларының бірі — Өскемен су электр станциясы салынып жатыр.

1921 жылы Владимир Ильич Ленин Риддер руднигі жұмысшыларының делегациясын қабылдады. Осы қабылдаудағы көсем сөзі Алтайды қайта құрудың бастамасы болды.

Жамбыл «Біздің Киров» деген өлеңінде С. М. Кировтың Ертісте тұрып Қазақстан келешегін ойлағанын баяндайды.

Қазір Өскемен су электр станциясындағы құрылысшылар ұлы көсеміміз И. В. Сталиннің жақын серігі С. М. Кировтың «Ертісте тұрып ойлаған» ойын іске асырып жатыр.

Сталиндік бесінші бесжылдықтың үлкен құрылысы Өскемен су электр станциясы іске түгел қосылғаннан кейін Ертістегі Бұқтармадан тағы жаңа құрылыс басталады. Ильич шанының нұрлы сәулесіне бөленеді.

С. Бақбергенов.

Шығыс Қазақстан облысы
Аблакетка поселкасы.

Ұлы жоспар туралы әңгіме

Кең бөлме іші бейне галерея тәрізді. Қабырғаларға плакаттар, фото-монтаждар ілінген... Қай плакатқа қарасаң да, бейбіт құрылыстың жоспарын, онда белгіленген цифрларды көресің. Бұл цифрлар елімізде өнеркәсіппен ауылшаруашылығының жылдан-жылға қаншама зор көлемде өсетіні, елімізде салынуға тиісті алып құрылыстар, жаңа қалалар, мектептер, кітапханалар туралы тамаша баяндайды... Бұл плакаттар мен фото-монтажды құрастырған — «Луч Востока» колхозындағы 58-мектептің 6 А класс оқушылары.

6 А класс пионерлерінің кезекті жыйыны осы бесінші бесжылдыққа арналды.

Алғы сөз сөйлеу құрметі пионер Валерий Кашинге тиді.

— Бесінші бесжылдықта елімізде салынуға тиісті алып құрылыстар орасан көп! — деді ол сөзін бастап.

... Міне, қолымызда «Партияның ХІХ съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951 - 1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары» деген кітапша. Кітапшада: «1951-1955 жылдардың ішінде мемлекеттік күрделі құрылыстың жалпы көлемі төртінші бесжылдықпен салыстырғанда, шамамен, 90 процент ұлғайту» көрсетілген. Бұл елімізде заводтар мен фабрикаларды, шахталар мен электр станцияларды салу, жабдықтау төртінші бесжылдыққа қарағанда екі есе, алып су электр станциялар — үш есе ұлғайтылады деген сөз. Бесінші бесжылдықта жаңа темір жолдар салуды 1946—1950 жылдармен салыстырғанда екі жарым еседей арттыру көзделініп отыр...

Пионерлер бесінші бесжылдықта жүзеге асырылатын ұлы істерге қысқаша шолу арқылы үңіліп шыққаннан кейін, олардың кейбіріне көз жіберді. Әр салада дайындалып келген пионерлер сол істердің біткен шағын алып,

соларға саяқат жасай бастады. Ортаға Ира Феденко шықты.

— Біз бұл жолғы сапарымызда Отан өзендерін аралаймыз. Бізде өзен көп! Бәрі де кең арналы, суы мол. Міне, ұлы орыс өзені — Волга! — деді Ира картадан өзенді көрсетіп. Осы кезде мынандай бір өлең оқылып жатты.

Ғылыммен сулар терендер:
Айдынында айнадай
Жүзеді, алып кемелер,
Ізгі өзеннің үстінде
Игі еңбек мәңгі гүлденер...

Бұл орыстың ұлы ақыны Н. А. Некрасовтың Волга туралы өлеңі еді.



«Луч Востока» колхозындағы 58-мектептің отряд жыйыны. Жыйында агроном Букреева Е. бесжылдық жоспар туралы балаларға әңгіме айтып тұр.

Ұлы акын айтқан жай қазір шындыққа асты. Ұлы өзен шалқи түскен. Көз алдымызда айдын көлдер. Қай жағына қарасаң да, жайнаған оттар — су электр станциялары, биік жағада мрамор көпірлер, әсем шлюздер...

Волга бойындағы ұлы істер әңгімеленді...

... Мынау Жигули таулары. Бұл манда дүние жүзіндегі ең алып Куйбышев СЭС-і құрылысында жұмыс күні-түні тынбастан қызу жүргізілуде. Куйбышев СЭС-і екі миллион киловатт қуат береді. Бір киловатт орта есеппен алғанда екі аттың күшіне тең екені белгілі. Демек, Куйбышев СЭС-і төрт миллион аттың жұмысын атқарады. Егер осы аттарды бірінің соңынан

бірін тізсек, еліміздің батысынан шығысына дейін созылар еді.

Куйбышев СЭС-і 3 миллионнан астам плиткаға немесе 50 миллион электр шамына ток бере алады. Міне, бесінші бесжылдықта қатарға қосылуға тиісті бір ғана су электр станциясының қуаты осындай орасан! Саратов порты, Сталинград СЭС-і құрылысы да Волга өзені бойында...

Алып құрылыстар бізде көп. Днепрдегі Каховка СЭС-і, Оңтүстік Украина және Солтүстік Қырым каналы да бесінші бесжылдықтың ірі құрылыстары...

Біз мінген пароход енді Каспий теңізімен жүзіп, Түркмен Бас каналынан келіп шықты. Арал теңізі... Жалғастыру каналдары...

Нағыз ғажайыпқа жаңа тап болдық. Көз алдымызда ұшы-қыйыры жоқ асау толқынды мұхит.

Қайдан келіп шыққанбыз! Тынық мұхит па? Атлантика ма? Мұзды мұхит емес пе? Әлде Үнді мұхит па? Мұның бірі де емес. Бұл Сибирь мұхиты екен. Толқын тұрды. Пароходымыз туннельге келіп тоқтады.

Сибирь суы тасыған екен! Ол бірақ бұрынғысына солтүстікке қарай ағып жатқан жоқ. Обь, Енисей енді кері қарай бет бұрған. Осы жаңа мұхитпен жүзіп келеміз. Міне, Обь өзені жағалауына сәулетті қалалар, су электр станциялар, ғажайып плотиналар салынған...

Ғалымдардың есебі бойынша елімізде «Ақ көмір» су қуатының қоры 300 миллион киловаттқа жетеді екен. Оның жартысынан астамын Сибирь өзендері беруі тиіс. Сибирдің суы мол өзендерінің бірі — Ертіс. Оның ұзындығы төрт жарым мың километрге жақын. Ертіс — кеме жүзуге қолайлы өзен. Ертістегі Өскемен СЭС-і өзіне ерекше назар аударады.

Бір қаладан екінші қалаға ток жүретін электр жолдары мен электр жарығының шапағын көреміз. Ғасырлар бойы пайдаланылмай келген өзендер совет халқының игілігі жолына бағындырылған.

... Аз ғана толастаудан кейін звено вожатыйы Люда Лебедева:

— Түркмениядан келген саяқатшыларымызды тыңдаңыздар, — деді.

— Бұлар кімдер? — десіп қалды жыйынға келген қонақтар бір-біріне қарап.

Осы кезде қонақтардың да, пионерлердің де назары Люда Хандуринна мен Юра Гаевтың әңгімесіне ауды. Людалардың саяқаты қызықты екен.

— Самолетіміз туысқан Түркмен республикасы территориясымен ұшып келеді. Көк-жасыл шабындықтар мен тоғайлар масаты кілемдей құлпырады. Шөбі шүйгін өрісте табын-табын сыйырлар, үйір-үйір жылқылар жайылып жүр.

Түркмен Бас каналы орнаған маң екен. Қанал бойында социалистік жаңа қалалар өскен.

Бұл жер бір кезде ат ізі түспеген жазық шөл дала болушы еді...

Енді біз сол гүлденген далада келеміз. Амудария Қаракұмды суға кенелтіпті! Гүлденген аймақтың тамаша көрінісіне үңілген сайын құмарлана қарайсың. Дәулеті шалқыған колхоздарымыз. Біз осындай бір колхозға келдік. Егіс даласында бітік өскен алуан өсімдік жайқалады...

Осы бір мезетте кенет күн сіркіреп жауа бастады. Арты қатты жауынға ұласты. Дихандар жайдары пішінмен:

— Шынын айтқанда, жақсы болған жоқ па? Қаранызшы, шаңды баса қойғанын, — десіп мәз болысты.

— Сендер расында да күн жауып тұр деп ойлап тұрсындар ма? — деді екінші біреуі бізге қарап, — бұл біздің механизаторларымыздың ісі. Сонау көз ұшында қарайғанды көріп тұрсындар ма? Онда биік мұнара мен трубалар орнатылған, бұл біздің жауын жаудыратын аспабымыз. Қазір біз жаңа аппарат орнатуды қолға алдық. Бұл аппарат жаңбырды электр разрядымен жаудырады. Әлгіңде сендер «электр селі» астында қалдыңдар!

Кезек Вова Лобанов пен Слава Дворяковқа тиді. Екі достың әңгімесін жыйынға қатысқандар ұйып тыңдасты. Бұлардың әңгімесі болашақ мектеп туралы болды.

— Біз келешекте бір құрылыс орнында инженерміз. Туған колхозымыздан едәуір алыстамыз Үшқан ұя — сүйікті мектебіміз жайында жиі әңгімелейміз. «Мектебімізге барып қайтсақ екен» деген ойда жүрдік. Бірде жолымыз түсіп өзіміз оқыған сол мектепке келгеніміз бар емес пе!

Көз алдымызда зәулім сәулетті үй! Бұл — бір кезде біз оқыған мектеп. Бізге қарсы жолыққан жас достар:

— Қош келіпсіздер, — деп қуанышпен қарсы алды.

Кластарды, физика, химия... кабинеттерін аралап жүрміз. Көзіміз телевизорға түсті. Экранда қызыл галстукті пионер.

— Класымызға қонаққа келулеріңізді сұраймыз, — деді ол бізге.

Бір кезде бізге класымызда жабдықтаған радиоторап үлкен жаңалық сыяқты еді. Ал, енді мектепте телевизор бар. Кең коридормен жүріп оңға бұрылды. Маңдайшасында «6 А класс» деген жазуы бар бөлмеге келіп кірдік. Ортаға қойылған ұзын стол үстінде электр аспаптары, шағын динамомашинна... Столды жағалай пионерлер отыр.

Класс іші кәдімгі ғылыми-зерттеу лаборатория сыяқты.

Әлден уақытта шеттеу отырған біреуі басын көтеріп:

— Телевизор құрастырып жатырмыз, — деді.

Аулаға шықтық. Қайың аллеясымен жүріп бауға беттедік. Алма, алмұрт, өрік, жүзім... Осының бәрінің иесі — оқушылар. Бұлар — болашақ ғалымдар, жаңалық жасаушылар, табиғатты бағындырушылар...

Елімізде мектеп саны екі жүз мыннан астам. Бұл мектептерде ондаған миллион бала оқиды!

Бір ғана 1952—1953-оқу жылында халық ағарту ісіне 60 миллиард сом қаржы босатылды! Бесінші бесжылдықта қалалық және селолық мектеп құрылысы 70 процент ұлғайтылады. Тарихта тұңғыш рет біздің елімізде жаппай орта білім алу іске асқалы отыр. Бесжылдықтың аяқ кезінде еліміздің ірі қалалары мен республикамыздың орталықтарында жаппай онжылдық білім алу іске асады. Осы бесжылдықта мектептерде политехникалық оқу енгізілуге әзірлік жасалады. Мұның бәрі — елімізде жас ұрпақтар үшін жасалынып отырған сталиндік,

бүкілхалықтық қамқорлықтың айқын көрінісі.

Жас дос, сен советтік ұлы Отанда туғаныңа зор мақтанш сезіммен қарайсың. Бізде ең бағалы нәрсе — ол адам, совет адамы! Ол — заводта, фабрикада, колхозды ауылда, университеттер мен академияларда бақытты болашақ жолында қажырлы еңбектің асқан үлгілерін көрсетуде.

Адамдарымыздың асқан білімді, мәдениетті, алуан өнер иесі болып өсуіне бізде толық жағдай бар. Партия, ұлы Сталин адамдарымыздың материалдық жағынан ғана емес, сонымен бірге рухани жағынан да бай болуына әкелік қамқорлық жасап отыр.

... Жыйын, міне, еліміздің осы ерекше қасиетін көзге елестетті. Жас жеткіншектерді келешекте сол тамаша Отанымыздың саналы азаматы болуға деген ой-арманын, жігерін арттыра түсті. Олар үйлеріне қуанышты бір жаңа сезіммен тарады.

М. Мамажанов

Біздің әзіл

Ұйқышының өкініші



Жазуға қолы жүрмей, құты қашты,
Жапардың екі көзін ұйқы басты.



Құс сыяға қызықты «су, деп, тәтті»
Өзін де, қағазды да былғап бақты.



Бұтаға сары шымшық қонып алып,
Жапарға қарап отыр, қайран калып.



Дүр етіп сары шымшық ұшып кетті,
Шопынған Жапар біздің: «Әттең...» депті.

Суретін салған *Ю. Мангазитинов.*

Совет азаматының бақыты

М. Иманжолоз

Таяуда орталық газеттерде бір жасар сәбидің суреті шыққаны, мүмкін, естерінде жоқ шығар. Егер баяндай бастасақ, ойларыңа бірден түсе қалады. Грецияның түрмесінде көзі мөлдіреген бөбек отыр... деп бастайықшы: «а білеміз, азаттық үшін күрескен, озбырлар жазалап өлтірген, грек халқының батыры Никос Белояннистің бөбегі... есімізде» дейсіңдер.

Я, сендер мұны ұмытуға тиіс емессіңдер. Түрмеде туған, жарық дүниеге келгеннен бері алғашқы күндерін түрмеде, тар қапаста өткізіп отырған бұл нәрестенің күні не болмақ? Оның жазығы не? Мұндайда аюандық болады екен-ау деп әрі таңырқайсың, әрі жас нәрестеге жаның ашып, ызаға булығысың. Бұл саған бейне бір ақылға сыймас тағылық, сирек кездесетін жан түршігерлік оқыйға сыяқты көрінеді.

Саған бұлай оғаш көрінуі бір жағынан табиғи да нәрсе. Өйткені сен мұндай тағылық дегеннің не екенін білмейтін елде—өзіміздің совет елінде өстің. Сен білетін өмір — ылғи бақытқа бастаған, бүгіннен ертені қызық, күнгеі өмір. Сенің елінде сәбидің барлық бөбектік шағы, балалық дәуірі яслиде, балалар бақшасында, мейірімді ана құшағында өтеді. Сондықтан да, сен өңге өмірді, капитал жайлап отырған елдердегі өмірдің кейбір ілгешектерін, кілтипандарын біле бермейсің.

Ал, шындығында, империалистердің тепкісіне түсіп, соғысқұмарлардың сойылын соғып

отырған елдерде нешеме зымыяндықтар, тағылықтар, озбырлықтар қаттасып, неше түрлі сұмдықтар болып жататыны ересек адамдарды таңдандырмайды. Себебі: мұның өзі капиталистердің қанына сіңген, өмір заңына айналып алған құбылыс.

Понган, Кочжедо аралдарында янкилар тұтқындағы корей, қытай солдаттарын рақымсыз қырады, корейдің бейбіт қалаларына неше түрлі індет аурулардың микробымен толтырылған бомбалар тастайды. Нью-Йорк, Вашингтон көшелерінде озбырлар негрлерді ұстап алып, тірідей электр тоғына салып қыйнап өлтіреді, Индияда қалың бұқара орталық көшеден қуылып, қаланың шеттерінде жер кепеге паналап, қысы-жазы баспанасыз қайыршылық өмір сүріп жатады. Жалғыз бұл аталғандарда ғана емес, империалистер табанына салған қай елге үнілсең де, осындай аянышты ауыр халді, жан түршігерлік аюандықты көресің.

Міне, капитал дүниесінің өмір сыйқы осылай.

Сол бір улы өмірлерге үнілсек, біз өзіміздің советтік өміріміздің бағасын жанмен түсініп, артықшылығын терең ұға түсеміз. Егер Октябрь революциясы болмаса, совет өкіметі орнамаса, елімізде социализм құрылмаса, біздің де тіршілігіміз қазіргі индиялықтардың, түріктердің, ирандықтардың, немесе оңтүстік америкадағы толып жатқан ұсақ ұлттардың қуанышсыз өтіп жатқан шерлі өмірлері сыяқты құрдымға батып кеткен болар еді.

Қазақ та өзінің ұзақ тарихында қуанышты білмеген халық. Оның ескі өмірінде есте қаларлық, мақтаныш боларлық мұра жоқтың қасы. Біздің заманға тек қана ауыздан-ауызға тараған әні мен жыры, кейбір мандымсыз мұрасы жетті. Оларының өздері де қағаз жүзіне түсе алмай, жүдеп-жадап, азып-тозып келіп жетті. Сондықтан да біздің артымызға алақтайтып, көксей қоятып ештеңеміз жоқ. Біздің халықты халық еткен, жан берген, тірілткен— совет өкіметі. Біздің республикамыздағы барлық жетістік, бойымыздағы барлық өнер, өміріміздегі барлық жаңалық бәрі де совет өкіметінің, Сталиндік Конституцияның арқасы. Біз сар далада тоз-тоз боп, жүзге бөлініп, қонуды сай, көшуді жел



Бақытты балалық шақ.

Суреттегі 1-балалар бақшасының тәрбиеленушілері.

білген өмірден бұл тарихи аз жылда социализм дүниесінің ең төріне өттік.

Сен қазір не ішейін, не жейін демейсің, ертеңгі күнім не болады деп күйзелмейсің. Қайда оқыймын, қайтып білім аламын деген үмітсіз ойға да батпайсың. Өйтуге ешқандай себеп жоқ. Нені ойға алсаң, соны жүзеге асыруға деген мүмкіншілік ұшан-теңіз. Мұның бәрі бүгінгі сенің өмірінде әбден үйреншікті жайға айналған. Әр колхозда, әр қыстақта, әр қалада мектеп. Қалағаныңа түсесің де, оқый бересің. Әр колхозда, әр қыстақта, әр қалада, ержеткен болсаң, қызмет күтіп тұр. Қалағаныңа барып орнығасың да, сүйген қызметіңе кірісесің.

Сен оқуға да, еңбек етуге де, қартайғанда құрметті азамат болып мемлекет есебіне көшуге де праволысың. Бұл — сөз жүзінде емес, іс жүзінде берілген. Осы правонды пайдалануыңа барлық жағдай жасалған.

Сталиндік Конституция берген осы право сені азаматтықтың биігіне көтереді, даңққа бастайды.

Сен ер жеттің. Білімді азамат болдың. Советтік Отаның үшін қажырлы еңбек еттің. Бұл еңбегің дереу сені даңққа бөлейді. Еліміздің азаматы, Еңбек Ері деп саған халқымыз құрметпен қарайды. Үкіметіміз сенің еңбегіңді бағалап, наградалар береді, Сталиндік сыйлық та аласың. Тіпті, сені жұртшылығымыз депутат етіп сайлауы да мүмкін. Сөз жоқ, осының бәрі де ықтимал. Өйткені сен — совет азаматысың. Сенің сайлауға да, сайлануға да правоң бар. Бұл правоны пайдалану сенің азаматтық борышың.

Әсіресе, қазір әрбір совет адамы азаматтық борышың, азаматтық ұлы правосын ойға алады. Неге десең, бұл азаматтық правоның тағы да бір салтанат құратын күні тақалып отыр.

Осы жылы, февраль айының аяқ шендерінде, марттың бас кездерінде одақтық барлық республикаларымызда, облыстарымызда жергілікті советтердің сайлауы өтеді. Бұл сайлауларда халқымыз депутат етіп өзінің таңдаулы ұл-қыздарын сайлайды. Барлық совет азаматы коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға бір кісідей болып дауыс береді, ең бірінші кандидат — ұлы Сталинге, Сталиннің сенімді серіктеріне дауыс береді.

Біз таяуда ғана АҚШ-та болып өткен президент сайлауын білеміз. Алдау, арбау, қорқыту сыяқты неше түрлі айла-тәсілдер қолданылып баққанын да білеміз. Генерал Эйзенхауэрдің сүйтіп барып таққа отырғанын да білеміз.

Біздің сайлаудың оған үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Бізде әр азамат өз даусына өзі қожа. Оның әміршісі — жүрегі. Жүрек нені қаласа, сол болады. Ал, сол әр жүректің қалауы — бір мүддеге — ортақ мүддеге тоғысып жататыны да бізге жұмбақ емес. Өйткені азамат жүрегінің сыры өзімізге аян. Ол Отан, партия, Сталин деп соғады. Сондықтан да оның қалауы да партия мен Сталин мезгеген жерден шығып жатады.

Міне, соның үшін де жергілікті советтердің сайлауы біздің совет адамдарының ынтымағын, бір ауыздығын, олардың Отанға, партияға, Сталинге деген шексіз махаббатын бейнелейтін саяси науқан болмақ. Бұл күндері біздің халқымыз кеменгер Сталиннің төңрегінде бұрынғыдан да берік топтала түспек, Отанымыздың мерейін арттыру жолында бұрынғыдан да қажырлы еңбек етіп, жеңістен жеңіске жете бермек.

Міне, социализм дүниесіндегі өмір заңы осындай.

Берік біздің шекара

Елемей жаздың ыстығын,
Күзгі желдің өтінде.
Боранда да қысты күн,
Солдат тұр Отан шетінде.
Бейбіт еңбек тасқындап
Жатыр асып арнадан.
Тізгінделіп аңызға,
Көк ормандар орнаған.
Шөл далалар өзгерді,
Самсап өрді комбайн,
Өзіміздің көз көрді,
Жаңарған сайын жер байын.

Мұндай ұлы табысқа
Ортақ болып, көңіл шат.
Көз жіберіп алысқа,
Шекарада тұр солдат.
Шекарада тұр солдат,
Оның көзі қырағы.
Онда Отандық махаббат,
Ол — Отанның қыраны.
Күшімізге сенеміз,
Берік біздің шегіміз.
«Бұздырмаймыз!» дегеміз,
Бұзылмайды шебіміз!

Құрманғали Ұябаев

Элиза Бранко

Бразилия патриоты Элиза Бранко — бейбітшілік үшін күресуші ізгі ниетті, адал жанды аналардың бірі.

1950 жылға дейін Элиза Бранконы Сан-Паулодағы өзімен мұнда, өмірдің ашы азабын бірге тартқан тоқыма фабрикасындағы жұмысшы әйелдер болмаса, ешкім білмейтін де. Ол тоқыма фабрикасының қатардағы қарапайым жұмысшысы болатын. Күнкөрістің қамы үшін ауыр еңбектің қаншама бейнетін көрсе де, азат өмірді аңсаған Элизаның соғыс өрті тұтандырушыларға деген өшпенділігі арта түсті.

Америка басқыншылары Кореяда соғысты үдете бастағанда, Бразилияның билеуші топтары американдық нұсқауын орындап, Кореяға әскер жібермек болды.

1950 жылы 7 сентябрьде билеуші топ «елдің жауынгерлік рухын» көтермек болып Аньангабау алаңында ұйымдастырған әскери парадқа Сан-Паулоның он мыңдаған халқы аяныппен қарап тұрды. Сол жұртты мұннан сейілтп, шын жүректен жарып шыққан қуанышын жасыра алмай, қол соқтырған әйел Элиза Бранко еді. Ол «Біздің ұлдарымыз Кореядағы соғысқа солдат болып бармайды» деген сөздер жазылған туды сап түзеп тұрған солдаттардың алдына тайсалмастан барып жазып жіберіп: «Біз жақындарымызды қырылу үшін жібермейміз!» — деді.

Бұл сөз үшін Элиза тұтқынға алынды. Бірақ оның сөзі халықтың жүрегінде қалды. Әскери парадтан қайтқан мыңдаған адам, Бразилия әскерін Кореяға жібермеуге қарсы күресу керек деген шешімге келді.

Элизаның түрмеге алынуы халықты қатты тебірентті. Кешегі күрестен аулақ тұрған жандарды өмір тілегінің өзі-ақ нағыз күресші етіп шығарды. Сан-Пауло алаңында 7 сентябрь күні тек жалғыз Элизаның ғана жігерлі үні естілсе, бір тәулік өтпей-ақ Америка интервенттеріне қарсы қыруар халық жыйналған митинг өтті. Бразилия әскерін Кореядағы америка агрессорларының соғысына жібермеуге қарсы Рио-де-Жанейро тұрғындары мен жүз шақты әйелдер ұйымдастырған демонстрация өтті. Олар «Элиза Бранкоға азаттық берілің!» деген ұран көтерді.

Бейбітшілік жолында күресушілердің саны күн санап өсуде. Бразилияда 1951 жылы 4 январьда бейбітшілік жолындағы күресте ерекше белсенділікпен көзге түскендерге ұлттық сыйлық беру ұйғарылды. Сол сыйлықтардың бірі Бразилия патриоты Элиза Бранконың атында.

Түрмедегі аюандық тәртіптің ауыр азабы, алғыр ойлы, ержүрек патриоттың күрес жолындағы жігеріне нұқсан келтіре алған жоқ. Оны мұқатпақ түгіл, бейбітшілік жолындағы жігерін, сенімін арттыра түсті. Элиза түрменің ауыр бейнетін тартып жатқанының өзінде де Бразилия әйелдерін бейбітшілік жолындағы күреске шақырып хаттар жазды. «Америка мен Азияның бейбітшілікті жақтаушылары қайда болса да, жеңіп шығады, — дейді ол түрмеде жазған хаттарының бірінде, — өйткені өздерінің бейбітшілікті тілейтінін олар біледі. Біздің идеямыздың мерейі үстем болады өйткені шындық біздің жағымызда. Біз өмір үшін күресудеміз!» Тек бұл емес, Элиза әр қатында бейбітшілік үшін күресушілердің сезімін оята, әсіресе, өзі сыяқты аналардың аналық жүрегін тербете жазды.

Бейбітшілік үшін күресушілерге Элизаның шақыруы жаңа күш беріп, оларды рухтандыра түсті. Бразилияның



президент сарайының алдында демонстрация өткізілді. Оған қатысушылар: «Біз бейбітшілікті тілейміз!», «Біз Элиза Бранконың азат етілуін талап етеміз!» деген жалынды ұрандар көтерді. Бейбітшілік жолындағы күресшілердің түрмедегі патриот Элизаның адресіне арнаған жүздеген хаттарының өзі-ақ тек Бразилияда ғана емес, бүкіл Латын Америкасында бейбітшілік жолындағы күрестің дамығандығына айқын айғақ.

Түрменің жан төзгісіз азабын көрін жатқанның өзінде де Элиза Сан-Паулода 1951 жылы 29 және 30 июльде өткізілген Бразилия әйелдерінің бірінші ұлттық конгресіне қатнасушыларды құттықтаудың ретін тапты.

Латын Америкасы елдерінде кең өріс алған қалып жұртшылық қозғалысының дүмпуімен Элиза Бранко түрмеден босатылды. Оның түрмеден азат етілуі — Бразилия халқының бейбітшілік жолындағы күрестегі жеңісінің бірі.

Есімі Бразилияда бейбітшілік күресінің бейнесіне айналған Элиза бүгін де жанқиярлықпен сол күрес жолында аянбай қызмет етуде.

Бейбітшілікті қорғаудың Венада болған халықаралық конгресінде «Біз — дейді Элиза Корея делегаттарына арнап, — бірде-бір Бразилия солдаты сіздердің халықтарыңызға қарсы қару көтермес үшін бар күшімізді салып күресеміз». Бұл — бейбітшілік үшін күресуші ержүрек патриот Элизаның алдына қойған программасы мен игі мақсаты. Бразилия патриоты Элиза Бранконың есімі бейбітшіліктің Сталиндік сыйлықтарының лауреаттары қатарынан лайықты орын алды.

Е. Дайрабаев

Витаминдердің пайдасы

«Ас — адамның арқауы». Денсаулық сақтау үшін тағамдар құрамының маңызы өте зор. Әсіресе балалар тағамы әртүрлі болуы керек. Адамның жейтін асында белок, май, углевод, тұз және витаминдер жеткілікті болуға тиіс. Витаминсіз я болмаса витамині аз тамақтар адамды ауруға шалдықтырады.

Витаминнің адамға, әсіресе жас балаларға қажеттігін 1880 жылы орыс ғалымы Луни ашты. Соңғы 25 жыл ішінде витамин жөнінде көптеген жаңалықтар ашылды. Қазірде анықталған витаминдер саны 25-тен асты. Олардың ішінде адамға өте қажеттісі 7—8 витамин.

Витамин «А» — ересек адамға да, балаға да бірдей қажетті витамин. Жас баланың ішкен асында бұл витамин жеткіліксіз болса, оның денсаулығы нашарлап, бой өсуі тоқтайды. Баланың организмі жұқпалы ауруларға бейім келеді. Ең алдымен адамның көз жанары нашарлайды. Кейде адамның көзі ауырып, көрмей де қалады. Бұл витаминнің жеткіліксіздігінен болған көз ауру асқынып кетсе, көз жанары құрғап, оның мөлдір қабығы күнгірт тарта бастайды. Осының салдарынан адам мүлдем соқыр болып қалуы да мүмкін. Сонымен қатар витамин «А» адамды тымау, сүзек, жөтел тағы басқа сол тәрізді аурулардан қорғайды.

Витаминнің кемдігінен туған ауруларды оңай жазуға болады. Ол үшін витамині мол тамақты көбірек қолдану керек. Витамині көп тамақтарды тиісті мөлшерде үздіксіз жеп отырса, ауырған адам 3-4 апта ішінде-ақ жазылып кетеді. Бұл витамин, әсіресе, балық майы, сарымай, сәбіз, капуста жапырағы, помидор және жұмыртқаның сары уызында көп болады.

Витамин «В» — денсаулыққа өте қажет витаминнің бірі. Күнделікті тамақта осы витамин жеткіліксіз болса, адам «бери — бери» ауруына шалдығады. Ол аурудың негізгі белгілері мынадай болады: адамның аяқ-қолы қалтырап, жүре алмай отырып қалады. Егер осы аурумен науқастанған адам дереу емделмесе, ауру асқынып кетеді де, адамның қол-аяғы сезімін жоғалтады, жүректің қызметі нашарлайды. Бұл витаминнің кемдігі нерв жүйесіне зақым келтіреді. «В» витамині қара нанда, кебегін елемей пісірген бидай нанында, сыйырдың бауыр етінде, жұмыртқаның сары уызында, бұршақта, әсіресе ашытқыда көп. Адамға бұл витаминнің күніне 2 миллиграммасы жеткілікті. Бір тонна ашытқыдан барлығы бір грамм витамин «В» өндіріп алуға болады.

Витамин «С» (аскарбин қышқылы) көп уа-

қыттан бері белгілі. Бұл витаминнің кемдігінен адам құрқұлақ (цынга) ауруына шалдығады. Құрқұлақ ауруы 15—16 ғасырларда Европа халықтары арасында көп тарады. Құрқұлақпен ауырған адамға алғашқы кезде тез шаршаулық, әлсіздік пайда болады. Аяқ пен қол оқтың-оқтың сырқырап ауыра бастайды. Адам осы қалыпта ауруын сезбей немесе елемей көпке дейін жүріп қалып, асқынып алу мүмкін. Адамның тістерінің айналасындағы еті қызарып іседі, бөріп қанайды, кейде тіс босап түсе бастайды. Адамның денесіне, ең алдымен аяғы мен қолына қызыл бөріту пайда болады. Құрқұлақ ауруы, әсіресе жемісі жоқ, омыс өспейтін солтүстік жақта тұратын адамдар арасында жиі кездеседі. Қыстығүні, көктемде бұл аурудан балалар көп залал көреді. Көк шыққан кезде мал сүті витаминге байды, әсіресе витамин «С» су жуада көп болады. Осы айтқан тағамдарды қолдану арқылы ауырғандар тез айығып, қалпына келеді. Бұл витамин капустада, помидорда, картопта, сарымсақта, қарақатта, лимонда, алмада, итмұрында және қымызда көп болады.

Витамин «Д» әсіресе, балаларға қажет. Жас балалардың ішетін асында «Д» витамині жеткіліксіз болса, олардың аяғы қыйсайып, қарны қампайып мешел ауруына шалдығады.

Осы витаминнің жеткіліксіздігінен баланың сүйегі қатпайды. Оған сүйекті қатайтатын кальций тұзы керекті мөлшерде сіңбегендік себеп болады. Қатпаған сүйек, шеміршек тәрізді, жұмсақ, иілгіш келеді. Ондай бала ұзақ уақыт жүре алмайды. Ал, жана жүре бастаған бала өз денесінің салмағын көтере алмай аяғы қыйсайып, қамыт аяққа айналады. «Д» витамині суға ерімейді, тек қана майға ериді. Сондықтан ол көбінесе «А» витамині сыяқты балық майында кездеседі. «Д» витаминнің басқа витаминдерден бір өзгешелігі бар. Егер осы витаминді күнделікті мөлшерде артық қолданса, адамға зиянды. Бұл витамин балық майында, қаймағын алмаған сүтте, жұмыртқаның сары уызында, сарымайда және ашытқыда болады. Он бес жасқа дейінгі балаларға күніне 0,075 миллиграм «Д» витамин берілуге тиісті. Мешелмен ауырған баланы алдымен дәрігерге көрсету керек.

Витамині бар түрлі тамақтарды уақытылы дұрыс пайдалану адамның, әсіресе балалардың денсаулығының жақсы болуының негізгі бір шарты.

Т. Дарқанбаев.

биология ғылымдарының кандидаты.

Екі өлең

ТОҒАН

Маңында колхозды ауылдың
Жырадан су ағатын.
Саздан үйіп балалар,
Жылда тоған соғатын.

* * *

Тоған суы толғанда,
Елемей бала бөгетін,
Жылғалар салып далаға,
Бекерге суын төгетін.

* * *

Бетон құйдық жыраға,
Өзен ойдык төбеде
Жүзерлік, достым, сұрама,
Қайық түгіл, кеме де.

* * *

Өзгерді жайнап жер өңі,
Нұр төкті өмір шамы да.
Халықтың бағзы тілегі
Айналды бақыт — бағына.

ҚАЛАМЫМ

Ұстатса кеше мұғалім,
Оқушы — маған қаламын.
Бүгін өмір ұранын
Сол қаламмен жазамын.

* * *

Серік боп маған ұнаған
Қолымда сырлы қаламым.
Сызады көркін орнаған,
Советтік жаңа қаланың.

* * *

Сыза алады бәрін де,
Қаламыма сенемін.
Жаза берем әлі де,
Өмірімнің керегін.


С. Сейтқазин

Демалыс сағатында

Кроссворд

Тігінен оқығанда

1. Бекініс. 2. Жапониядағы аудан. 4. Үй сайманы. 6. Металл. 7. Түйе. 10. Орыстың XIX ғасырдағы эволюционисі. 11. Мемлекет астанасы. 13. Өзен. 14. Жәндік. 15. Горький шығармасы. 19. РСФСР-дағы қала. 20. Советтік республика астанасы. 21. Кіші Азиядағы ұлт. 22. Совет жазушысы. 24. Материк.



Көлденең оқығанда

3. РСФСР-дағы өзен. 5. Дәнді дақылдың жалпы аты. 7. Азиядағы тау. 8. Жер бедері. 9. Дақыл. 12. Европа өзені. 16. ССРО-дағы тау. 17. Қазақтың тұңғыш педагогі. 18. Франциядағы өзен. 19. Орыс патшасы. 21. Сумен шектелген құрылық. 23. Мемлекет астанасы. 25. Печора өзеніндегі порт. 26. Халық демократиялық-республикасының астанасы. 27. Буржуазиялық республиканың астанасы.

Жіберген **Ж. Төлеугов**,
Жаңарқа ауданы

Шарада

Төрт түлік малдың бірі қос буыны,
Білесің өте жақсы сен де мұны.
Оқысаң малға қосып «шы»
журнағын,
Шығады көп тараған әннің бірі.

Бейбітшілік пен достық армиясы	1
Б. Соқпақбаев. Алыстағы ауылда (Повесть)	4
Х. Ерғалиев. Жаңа ариа (Әңгіме)	8
Ө. Жайлауов. Медаль (Өлең)	11
П. Редько. Шаңғы жарысы . .	12
С. Бақбергенов. Өскемен СЭС-і (Очерк)	14
М. Мамажанов. Ұлы жоспар туралы әңгіме	17
Ю. Мингазигинов. Ұйқышының екінші	19
М. Иманжанов. Совет азаматының бақыты	20
К. Ұябаев. Берік біздің шекара (өлең)	21
Е. Дайрабаев. Элиза Бранко . .	22
Т. Дарқанбаев. Витаминдердің пайдасы	23
С. Сейтқазин. Екі өлең	24
Демалыс сағатында	24

«Пионер» календары

Редколлегия мүшелері:
Айдарбеков Ә., Баранов К.,
Дарқанбаев Т., Ибраева А.,
Қыйрабаев С. (редактор),
Нұртазин М., Нұрқатов А.,
Нүсіпов А.

Технический редактор: И. Соскин

г. Алма-Ата, проспект Сталина,
дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 28/1-1953 г.
УГ09762 Бум. 84×108¹/₁₆— 0,75 бум.
2,46 п. л. Тираж 13000. Полиграф-
комбинат Казполиграфиздата при Со-
вете Министров КазССР.

г. Алма-Ата. Заказ. № 159.

Каз. кн. изд.

А. С. Даргомыжский

(Туганына 140 жыл)

Александр Сергеевич Даргомыжскийдің есімі орыс музыкасы тарихында аса құрметпен аталады. Ол Глинканың әрі шәкірті, әрі замандасы болған. Орыс халқының классикалық музыкасы жайлы сөз болғанда, бұл екі ұлы адамның атын атамай кетуге болмайды.

Глинка мен Даргомыжскийдің өмірі мен творчестволық өсу жолында да ұқсастық көп. Екеуі де музыкадағы аристократтыққа қарсы күресіп, халықтық, реалистік музыканы қолдады. Сөйтіп олар орыстың ұлттық музыкасының негізін салды. Даргомыжский Глинка бастап кеткен ұлы істі ілгері дамыта түсті. Глинка Пушкин заманының ой-пікірін жырласа, Даргомыжский өткен ғасырдың 40—50 жылдарындағы әлеуметтік көзқарасты музыкаға түсірді, алдыңғы қатарлы адамдардың идеясын насихаттады.


Александр Сергеевич Даргомыжский 1813 жылдың 2 февралында Даргомыж атты селода (бұрынғы Тула губерниясының Белев ауданы) туған. Орыстың бай табиғаты жасынан еліктірген Даргомыжский бала күнінде-ақ искусствоға жақын болады. Даргомыжскийдің 4 жасында үй іші Петербургке көшеді де, болашақ композитор балалық шағын сонда өткізеді.

1834 жылы Даргомыжский Глинкамен танысады. Глинка бұл кезде «Иван Сусанин» операсын жазу үстінде болатын. Екі композитор жиі кездесіп, әңгімелесіп тұрады. Глинканың әсерімен Даргомыжский опера жазуға кіріседі. Даргомыжский алғашқы операларына француздың романтикалы шығармаларының сюжетін арқау етеді. Сондықтан да орыс өмірінен алшақ жатқан опералар «Эсмеральда» мен «Вакханың салтанаты» композиторға атақ әпере қоймайды. Дегенмен Даргомыжский талантты композитор екенін алғаш шығармаларында-ақ байқатады.

Бұдан кейін Даргомыжский орыс шаруаларының өмірін көрсететін шығарма жазуды арман етеді. Композитордың бұл ойы «Русалка» операсы арқылы жүзеге асады.

Операның музыкасы да, сюжеті де халықтың озат идеяларымен ұштасып жатады. «Русалка» Даргомыжскийді бүкіл дүние жүзіне танытты. Композитор Серров «Русалка» туралы он шақты мақала жазды. Кейін оны Чайковский де зор бағалады.

XIX ғасырдың 50 жылдарының аяқ шенінде Даргомыжский өзінің «Сен мені тез ұмытарсың», «Кө-



нілсіздік» сыяқты тамаша романстарын жазды. Ол вокальдық лириканың драмалық және күлкілі жағын дамытты.

60 жылдардың екінші жартысын Даргомыжский «Тас мейман» операсын жазуға арнады. Бірақ мезгілсіз өлім бұл шығарманы аяқтауға мүмкіндік бермеді. Даргомыжскийдің тапсыруы бойынша «Тас мейманды» аяқтауға Ц. Кюи мен Римский-Корсаков қатысты.

Даргомыжский 1869 жылы 5-январьда қайтыс болды.

Даргомыжский Россияда музыка мәдениеті құлаш жайып өсіп келе жатқан кезде өмір сүрді. Композиторлар Балакирев, Мусоргский, Бородин, Чайковский, Римский-Корсаков ұлы композиторлар Глинка мен Даргомыжский негізін салған музыкадағы реалистік бағытты ілгері дамыта түсті.

Жюль Верн

(Туганына 125 жыл)

Француз жазушысы Жюль Верн XIX ғасырдың екінші жартысында, капитализмнің техникалық және өндірістік өрлеуі кезінде өмір сүрді. Бұл кезде капиталистік елдер отар іздеу мақсатымен жер жүзін шарлай бастаған. Тынық мұхиттың аралдары мен орталық Африка, оңтүстік Америка да осы кезде толық зерттеле бастады. Жаратылыстану ғылымы мен техниканың дамуындағы жаңалықтар жазушының қиялына ерік берді. Сондықтан да Жюль Верн өзі өмір сүрген дәуірде ғылыми-фантастикалық романдардың авторы есебінде танылды.

Жюль Верннің алғашқы романы «Әуе шарындағы бес апта» 1863 жылы басылып шықты. Содан кейінгі жылдарда жазушы жыл сайын бір романын бастырып тұрды. 1863 жыл мен 1905 жылдың арасында ол 57 роман жазды. Мұның барлығы жыйналып «Ғажайып саяқаттар» деп аталды.

Солтүстік полюске саяқат жөнінде жазылған «Капитан Гаттерастың басынан кешкендері», және «Капитан Гранттың балалары», «Сырлы арал» романдары — көпшілікке кең тараған шығармалар. Бұл кітаптарда жазушы ғылым мен техника жаңалықтары, табиғат құбылыстары мен әр түрлі елдер жайын баяндайды. Оның кейіпкерлері адамды адамның қанауына наразылық көрсетеді, бостандықты аңсайды.

Жюль Верннің қоғамдық көзқарасында ғылым мен техниканың табыстары нәтижесінде, адам баласын ағарту арқылы жаңа қоғамға жетеміз деген сыяқты либералдық шектелушілік бар. Бұл жай — оның кітаптарынан да аңғарылады.

Жюль Верн кітаптарының уақытасының қызғылықтылығы, тақырыбының әр түрлілігі, жазу стилінің жеңілдігі балаларды өзіне тартып еліктіріп отырады. Сондықтан да балалар оның романдарын сүйіп оқыйды.

БАҒАСЫ 1СМ.

Қардан Жасандар

